



1 қазан, бейсенбі 2020 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

ВОЛОНТЕРЛІК – ПАТРИОТИЗМНІҢ ЖАРҚЫН КӨРІНІСІ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қайырымдылық, волонтерлік ұйымдардың және бизнес-сектордың өкілдерімен онлайн форматта кездесу өткізді.

Мемлекет басшысы өз сөзінде қайырымдылық пен волонтерліктің пандемия кезінде жалпыұлттық сипат алғанын атап өтіп, оның әлеуметтік нормаға айналғанын және халықтың дұрыс қабылдағанын айтты. Қасым-Жомарт Тоқаев осындай қиын-қыстау кезде сырт қалмай, отандастарына көмек қолын созған, мейірімділік, ізгілік танытқан әр азаматқа ризашылық білдірді.

— Асар деген ата дәстүрімізді сақтап келе жатқанымыз қуантады. Пандемия кезінде де еріктілер аянбай еңбек етіп, ерен ерліктің үлгісін көрсетті. Олар күндіз-түні дәрігерлермен және тәртіп сақшыларымен бірлесіп, індетпен күресті. Қайырымды жандар ортақ іске жан-жақты қолдау білдірді. Елбасының бастамасымен құрылған «Біз біргеміз!» қорының жұмысын ерекше атап өткім келеді. Бұл игі бастамаға мыңнан астам азамат қаржылай үлес қосты. Біз осындай ұйымшылықтың және жауапкершіліктің арқасында ахуалды тұрақтандыра алдық. Мұның бәрі — елдіктің және береке-бірліктің жарқын көрінісі, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев волонтерлік қызметті дамыту, қайырымдылық пен меценаттыққа қолдау көрсету мемлекетіміздің ұзақ мерзімді басымдығы деп санайды. Волонтерлік іспен айналысу — патриотизмнің жарқын көріністерінің бірі. Мемлекет басшысы жариялаған Волонтер жылы азаматтарымыздың көпшілігін қайырымды іс қозғалыс төңірегіне топтастырды. Қазақстандықтардың ұсынысы бойынша жасалған көптеген қайырымдылық және волонтерлік жобалар — соның дәлелі.

— Қайырымдылыққа тікелей және жанама түрде атсалысатын адамдардың саны тұрақты артып келе жатқанын көріп отырмыз. Қызметкерлердің волонтерлік жұмысын еңбек кітапшасына міндетті түрде тіркеу туралы шешім қабылданды. Бұдан бөлек волонтерлікпен айналысқан жастарға университетке, колледжге түсу кезінде бірқатар басымдық беріледі. Қазіргі таңда бұл жақсы нәтиже деп есептеймін. Баршаңыздың бұған елеулі үлес қосқандарыңыз сөзсіз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы еріктілердің, қайырымдылық қорлардың пандемияға қарсы күрес кезінде үлкен рөл атқарғанын ескере отырып, БҰҰ Бас Ассамблеясы 75-сессиясының жалпысаяси дебаттарында Волонтерлерді жұмылдырудың халықаралық күнін жариялау туралы ұсынған бастамасы қолдау тауып, жүзеге асатынына сенім білдірді. Оның пікірінше, Қазақстан волонтерлік пен қайырымдылықты дамыту ісінде озық халықаралық үрдістерден қалып қоймайды. Волонтер жылы осы бағытта тың серпін берді.

— Волонтерлік қызмет осы жылмен тоқтап қалмайды, алдағы уақытта да жалғаса береді. Өйткені волонтерлік қызмет мемлекеттің алдына қойып отырған мақсаттарымен үндесетін болғандықтан, бұл — рухты көтеретін, халықтың мұнұмқажын бөлісетін қозғалыс, — деді Президент.

Қазіргі уақытта Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша түсінікті әрі тиімді құқықтық механизмдерді қамтитын Қайырымдылық туралы заң әзірленуде.

— Қайырымдылық және волонтерлік ұйымдар өздерінің еңбек



етуіне, соның ішінде мемлекетпен және бизнеспен бірлесе жұмыс істеуіне қажетті жағдай жасайтын заң жүзінде шынайы мәртебеге ие болуы тиіс. Үкіметке бұл мәселені пысықтау тапсырылды. Мемлекеттік қызмет көрсетудің, инфрақұрылымды пайдаланудың, ақпараттық қолдау кезінде жеңілдіктер берудің нақты тетіктерін әзірлеудің мәні зор. Сонымен қатар салықтық жеңілдіктер мәселесі де маңызды, — деді Президент.

Бүгінде қайырымдылық жобаларға бағытталған ірі бизнес табысын 3% және шағын және орта бизнес табысын 4% көлемде салықтан босату заңнамалық тұрғыда қарастырылған. Бірақ шағын және орта бизнес бұл жеңілдіктерді пайдаланбай отыр. Қасым-Жомарт Тоқаев аталған жағдайға талдау жасап, осы бағытта тиісті жұмыс жүргізуге тапсырма берді. Бизнесің қайырымдылыққа қаржы аударуы ыңғайлы әрі тиімді болуға тиіс.

— Қайырымдылық қорларға қаржы түсуінің және оның әрі қарай жұмсалыуының ашық болуын қамтамасыз ету қажет. Бұл бағытта қуңғірттікке жол бермеу керек. Қазір қайырымдылық жасайтын азаматтар мен көмек алушылардың реестрін құру бастамасы іске асырылуда. Бұл міндеттің барынша нақты орындалуына мүмкіндік жасаған жөн. Қайырымдылық жобалар арқылы өтетін барлық қаржының жұмсалыуына ақпараттық және қоғамдық бақылауды қамтамасыз ету қажет, — деді Мемлекет басшысы.

Президент жеке қайырымдылықтың барлық түрі дамуы керек деп санайды. Әр адамның бастама көтеріп, өз қаржысын

қайырымдылық мақсатқа бөле алатын жүйе құрылуға тиіс.

— Өкінішке қарай, тиісті ақпараттық жұмыстар талапқа сай жолға қойылмаған, адамға сенім ұялататын тетіктер жасалмаған. Кейде бұқаралық ақпарат құралдарынан азаматтарымыз кімге және қалай көмектесуге болатынын білмейді деген ақпаратты естіп қаламыз. Ал егер азаматтарымыз мұндай жұмыспен айналысатын болса, олардың қайырымдылық қаржысы қай мақсатқа пайдаланылатынын нақты білу керек, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Онлайн форматта өткен кездесуде «Birgemiz» қоғамдық қорының басқарма төрағасы, «Қазақстандық «Уақып» қоры» корпоративтік қайырымдылық қорының президенті Руслан Сақиев, «Kaspi.kz» компаниясының басшысы Михаил Ломтадзе, «BTS Digital» ЖШС-ның басшысы Нұртай Әбілғалиев, «Дара» жеке қорының атқарушы директоры Айнура Аймұрзина, «Мен алматылықпын» қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Константин Авершин, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі, волонтер Наргизама Махмудова сөз сөйледі.

Олар бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі, қайырымдылық саласын дамытуға ынталандыру, қайырымдылық қызметтің ашықтығын, волонтерлердің рөлін арттыру және волонтерлікті дамыту мәселелеріне байланысты ойларын ортаға салды.

Мемлекет басшысы Үкімет жанындағы Қайырымдылықты дамыту мәселелері жөніндегі кеңесте айтылған барлық мәселені, бастамаларды пысықтауға, сондай-ақ, Қазақстан заңнамасына тиісті өзгерістер енгізуді кешіктірмеуге тапсырма берді.

Кездесу соңында бірқатар азамат пандемия кезіндегі қажырлы еңбегі үшін «Халық Алғысы» медалімен марапатталды.

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

Ардақты ардагерлер!

Біз «Қариясы бар үйдің қазынасы бар» деп үлкенін қадір тұтқан халықтың ұрпағымыз. Елбасының «Қарттарын ардақтай білген елдің рухы үстем, шаңырағы биік», — деген сөзі бар. Қазыналы қарттарымызды ардақтау, оларға құрмет көрсету біз үшін қалыптасқан заңдылық десе де болады.

Дегенмен, Біріккен Ұлттар Бас Ассамблеясы 1990 жылғы 45-сессиясында 1 қазанды Халықаралық қарттар күні деп жариялады. Бұл — қарттарға халықаралық деңгейде назар аударылып отыр деген сөз.

Елімізде қарттарды қолдау мемлекеттік әлеуметтік саясаттың бір бөлігіне айналды. Аймақтағы егде жастағы азаматтар үшін лайықты өмір сүру сапасын арттырудың кешенді жоспары қабылданған.

Бүгінгі күні облыста 70 мыңнан аса зейнет жасындағы қарт адамдар бар. Оларды әлеуметтік қолдау шараларын тұрақты жүргізіп келеміз. Арнаулы күн аясында әр сала зейнетке шыққан ардагерлерінің тұрмыстық жағдайымен танысып, оларға құрмет көрсетіп отырады. Қазақстанның өзге де жерлеріндегі сауықтыру шипажайларынан бөлек облыс төңірегінде де сауықтыру орындары ашылып, демалуға, емделуге мүмкіндік жасалған. «Сыр мейірім» жобасы аясында 225 жалғыз басты қарттар, мүгедектер, өзін-өзі күте алмайтын науқас және аз қамтылған азаматтар түскі ыстық тамақпен қамтылуда. Бюджет қаражаты есебінен жыл сайын ардагерлер Нұр-Сұлтан қаласын тамашалап қайтады.

Мемлекет басшысы: «Біз майданда қаза тапқандарды ұмытпаймыз. Ардагерлерді құрмет пен ілтипатқа бөлейміз», — деген болатын. Ұлы Женістің 75 жылдығына орай 4335 Ұлы Отан соғысының ардагеріне және оларға теңестірілген азаматтарға біржолғы материалдық көмек көрсетілді. Ардагерлердің коммуналдық қызмет шығындарының өтелуі облыстық бюджет тарапынан шешіледі.

Ардақты аға буын өкілдері!

Ел мүддесін бөрінен биік қойып, ұрпағына ұлылығын ұялата білген ардагерлерімізді құрметтеу — азаматтық парызымыз. Сіздердің жүріп өткен жолдарыңыз, абыройлы еңбектеріңіз — жас ұрпақ үшін әрдайым үлгі-өнеге, игілікті істеріңізді жаңа заманға лайықты жаңғырттады.

Сіздерге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр тілеймін!

Еліміз еңселі, Тәуелсіздігіміз мәңгі болсын!

Облыс әкімі
Гүлшара ӘБДІҚАЛЫҚОВА

● ӨНДІРІСІ

ҚҰРЫЛЫС МАТЕРИАЛДАРЫ ӨЗІМІЗДЕ ӨНДІРІЛЕДІ

Өткен жылы Қазалы ауданының 7 және Арал ауданының 6 ауылындағы барлық 14 мың тұрғынды қуанышқа бөлеген бір ерекше оқиға болды. Олардың көптен бергі тілегі орындалып, дарияның «Әлсейіт» учаскесіндегі көпір пайдалануға берілді. Жол қатынасындағы өзекті мәселе шешімін тапты. Осы орайда Әлсейіт көпірі құрылысына қатысты бір жайт біздің назарымызды аударғанын айта кетейік.


СЫДЫРЫС ТӘЖІҰЛЫ,
«Сыр бойы»

Жалпы ұзындығы 219, ені 12 метр болатын көпірді салу барысында жергілікті жерде шығарылған темір-бетон балкалар пайдаланылыпты. Дәлірек айтқанда, құрылыс материалдарын шығарумен айналысатын «LCI-MK» ЖШС-ның Қазалы филиалы көпірге арнап 9500 дана темір-бетон балкасын дайындап берген. Оны естіп, риза болып қалғанымызды жасырмаймыз. Олай дейтін себебіміз, мұндай нысандарға арналған темір-бетон конструкцияларын кез келген кәсіпорын шығара бермейді.

Білікті басшы Сәбит Өтегенов басқаратын бұл кәсіпорын — аудан экономикасының дамуына өзіндік үлес қосып келе жатқан бизнес құрылымдарының бірі. Осыдан 40 жылдай бұрын, кеңестік кезеңде Қазалыда салынған темір-бетон бұйымдары мен конструкциялар зауыты Батыс

Қазақстан теміржол басқармасының құрамындағы «Жол-құрылыс» тресті қарамағында болды. 2005 жылы «МО-1» ЖШС-ның құрамында №2 Қазалы бөлімшесі болып қайта құрылса, кейінірек «LCI-MK» ЖШС Қазалы филиалына айналды.

Кәсіпорын негізінен құрылысқа қажетті материалдарды әзірлейді. Жылма-жыл зауытқа тапсырыс берушілер көбеюде. С.Өтегеновтың айтуынша, өткен жылдан бастап автомобиль көпір құрылысына қажетті ВТК-33У маркалы аралық құрылыс балкаларын қуы технологиясы жолға қойылған. Ол үшін қосымша техникалар мен қондырғылар алынды. Қазіргі күндері мұндай конструкциялар Орал қаласындағы көпір құрылысына жөнелтіліп жатыр. Жалпы зауытта темір жолға, көпір құрылысына қажетті



темір-бетон балкаларын, құбырларын, жоғары кернеулі желіге арналған ВЛ110кВ бағаналар, сондай-ақ көпқабатты үйлер құрылысына қажетті темір-бетон бұйымдарының 60 түрін өндіреді. — Тапсырыс пен сұранысқа сәйкес жұмыс жүргізу қазіргі кезде заман талабы. Атыраудың ірі компанияларымен және жергілікті құрылыс мекемелерімен жұмыс істеп келеміз. Шикізатты Жанақорған,

Шиелі аудандары мен Ақтөбе қаласынан алдырамыз. Сапаны басты орынға қоямыз. 18, 21, 24, 33 метрлік балка шығаратын зауыт Қазақстанда санаулы, — дейді Сәбит Рахметұлы.

Зауыт 80-дей адамды жұмыспен қамтып отыр. Олардың арасында 20-30 жылдық еңбек өтілі бар білікті мамандар аз емес. Өндіріс ісінің іркілссіз жүруі үшін зауыттың жұмысшы-қызметкерлеріне бар жағдай

жасалған. Олар арнайы жаздық және қыстық киімдерімен қамтамасыз етіледі. Күнделікті мөлшерге сәйкес зиянды пехтағы еңбеккерлерге сүт өнімдері беріледі. Жыл сайын 14 жасқа дейінгі балаларына Алматы қаласына «Маралсай» демалыс үйіне тегін жолдама дайындалады. Көзге түскен еңбек озаттары мен өз істерінің шеберлері атаулы күндері ескеріліп, марапатқа ұсынылады.

6-бет



АРҚАНЫ КЕҢГЕ САЛУҒА БОЛМАЙДЫ

Елде қауіпті індеттің эпидемиологиялық ахуалы тұрақталғанымен, мамандар сақтық шараларын естен шығармауды ескертіп әлек. Өйткені өңірлерде күн сайын бірлі-жарым науқас тіркелуде. Оған қоса әлемдегі ахуал әлі де алаңдатарлық.

СЫНҰР БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

Денсаулық сақтау министрлігінің сәрсенбідегі мәліметіне сүйенсек, қазіргі уақытта елімізде коронавирүс инфекциясынан 3303 адам ем алууда. Олардың арасында 56 бала бар. Стационарларда 1881 науқас жатыр. 1422-сі

амбулаториялық жағдайда емделуде. Жалпы науқастардың арасында 90 адамның жағдайы нашар болса, 14-і өте ауыр деп бағалануда. 21 науқас өкпені жасанды желдету аппаратына қосылған.

5-бет



ЖӘРМӨҢКЕ ӨТЕДІ

2020 жылғы 3 қазан күні Қызылорда қаласы және Жанақорған ауданы әкімдіктерінің ұйымдастыруымен ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі төменде көрсетілген орындарда өткізіледі. Басталуы сағат 09.00.

Қызылорда қаласы — С.Толыбеков көшесінің бойы (Тағзым алаңының алды)

Жанақорған ауданы — Астана даңғылы (Е.Көшербаев көшесі мен А.Иманов көшесінің аралығы).

«МЕКТЕПКЕ ЖОЛ» АКЦИЯСЫ ЖАЛҒАСУДА

Жаңа оқу жылы пандемияға байланысты жаңа форматта жалғасты. Онлайн оқыту қазіргі заманның байланыс құралдарын — ноутбук, планшет, смартфонды қажет етеді. Бұл ретте Қызылорда қаласының кәсіпкерлері балалардың кедергісіз білім алуына көмек көрсетуде.

Облыстық «Жастар ресурстық орталығында» «Мектепке жол» акциясы аясында кезекті рет қайырымдылық шарасы ұйымдастырылды. Көпбалалы, мұқтаж отбасынан шыққан оқушыларға жас кәсіпкердің демеушілігімен интернет желісіне қосылған 10 ұялы телефон мен 10 мектеп сөмкесі және оқуға қажетті құрал-жабдықтар тартылды.

Бұған дейін де орталықта Бақдәулет Мақашов, Асхат Шауенбаев секілді кәсіпкерлер игі іске үлес қосқан еді.

● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

КОМИССИЯНЫҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың төрағалығымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі комиссияның кезекті отырысы өтті деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызметі.

Онда ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті басшысының бірінші орынбасары Бақытжан Ниязов сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағытында биылғы жылдың 8 ай қорытындысын, ал Қызылорда облысы бойынша мемлекеттік сатып алу басқармасының басшысы Ғалым Едігеев «Мемлекеттік са-

тып алуларды орталықтандыру» пилоттық жобасының орындалу барысы және арнайы тәртіптегі мемлекеттік сатып алулар туралы баяндады.

Облыс әкімі мүдделі мемлекеттік орган басшыларына Мемлекет Басшысының Жолдауынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытта туындайтын барлық қажетті шаралар қабылдауды тапсырды.

Сонымен қатар, көрсетілетін

мемлекеттік қызметтерді цифрландыру, мемлекеттік органдардың ашықтығын арттыру және азаматтардың ақпаратқа қолжетімділігін қамтамасыз ету, тұрмыстық жемқорлықты жою, қоғамдық бақылауды, мемлекеттік сатып алу заңнамаларының қатан сақталуын, талдау және профилактикалық жұмыстарды күшейту бағыттары айқындалды.

Облыс басшысы мемлекет тарапынан кәсіпкерлік субъектілердің заңды мүдделерінің қорғалуын қамтамасыз ету қажеттілігін ерекше атап өтті.

СЕГІЗ АЙ: КӨРСЕТКІШ ҚАНДАЙ?

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың төрағалығымен облыс әкімдігі жанындағы құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомстваралық комиссияның кезекті отырысы өтті.

Күн тәртібінде 2 мәселе қаралды. Атап айтқанда, осы жылдың 8 айында бөтеннің мүлкін ұрлау қылмысының алдын алу бойынша атқарылған шаралар және өңірлік құқық бұзушылық профилактикасының 2020-2022 жылдарға арналған кешенді жоспарының орындалуы туралы айтылды.

8 айдың көрсеткіші бойынша өңірімізде тіркелген ұрлық қылмысы 58% төмендеген, оның ішінде ұялы телефон ұрлығы 59%, пәтер ұрлығы 64%, көлік ұрлығы 69%, мал ұрлығы 14%-ке азайған. Жалпы материалдық шығын 81 млн теңгені құраған.

Облыс әкімі полиция департаменті мен қала, аудан әкімдеріне ұрлықтың барлық түрлеріне профилактика бағытында жұмысты күшейтуді тапсырды.

«Бірінші кезекте қылмысты болдырмауға, жолын кесуге бағытталған профилактикалық шаралар күшейтілуі қажет. Ұрлықтың алдын алуда учаскелік полиция инспекторларының жауапкершіліктері өте маңызды. Сондықтан «Қылмыстық картаға» сәйкес жергілікті полиция қызметінің патрульдеу маршрутын ұрлыққа бейім тұрғын аудандарға қайта бағдарлаған жөн. Сонымен қатар,

көпқабатты үйлердің кіреберістерін темір есіктермен, электронды құлыптармен, домофондармен, бейнекамералармен жабдықтауды ұйымдастыру қажет. Пәтер ұрлығына тосқауыл қою үшін бірлесіп, тұрғындардың өз баспаналарының қауіпсіздік жүйелерімен жабдықтау қажеттігі барынша түсіндірілсін.

Ауыл тұрғындарына мал ұрлығы қылмыстарының көбінесе өрісте малды қараусыз жіберу себептерінен болатыны ескертіліп, бақташыларды жалдау тиімділігі кеңінен насихатталғаны абзал. Сондай-ақ, малды сәйкестендіру мен танбалау жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп, құзырлы органдармен ет өнімдерін сату және өңдеумен айналысатын орындарға бақылау күшейтілуі тиіс», – деді облыс әкімі.

 КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІң ЖОЛДАУЫ 2020 ПОСЛАНИЕ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ЗАҢ ҮСТЕМДІГІ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев халыққа Жолдауында «Полицияның халық санасындағы образы – ол мемлекеттің күштік құралы» деген ойдан арылып, шын мәнінде халыққа шынайы қызмет көрсететін, сервистік модельге көше отырып, азаматтардың қауіпсіздігі мен конституциялық құқығын қамтамасыз ететін органға айналуы қажет» деді. Ішкі істер министрлігі басшылығы жыл соңына дейін Әкімшілік полиция комитетінің кейбір құрылымдарын заман талабына сай қайта құру іс-шараларын жүйелендіру жұмысына кірісіп кетті.

«Полиция – бұл халық, халық дегеніміз – полиция». Басшылықтың бұл ұстанымы тек жалынды сөздер мен ұрандар ғана емес, шын мәнінде тыныштық сақшыларының жұмысын бұқара халыққа жақындату. Тұрғындардың толық қолдауына сүйене отырып, жаңа модельге көшуге деген талпынысын, заң үстемдігі орнаған құқықтық мемлекет болу үшін қоғам болып қолдауға мүдделілік танытуымыз қажет.

Құқық қорғау органдарының жүйесіне түбегейлі реформа жасау – бұл заман талабы. Қазақстан полициясының құқық тәртібін қамтамасыз етудегі, азаматтардың конституциялық құқығын қорғаудағы, қылмыстық әрекеттердің алдын алу мен орын алған қылмыстарды өшкерелей отырып, анықтау, тергеу әрекеттері арқылы дәлелден, күдіктілерді сот органдары тиісті заңды шара көру үшін Жолдаудағы жұмыстарын, сондай-ақ, жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі ерен еңбектерін ешкім жоққа шығара алмайды. Әсіресе тыныштық күзетінде тапжылмай, өз уақытымен санаспай, бар күш-жігерін, білімін, тәжірибесін, керек болса, денсаулығы мен өмірін сарп ете отырып, қабылдаған қызметтік анттың адал қаншама қатардағы полиция қызметкерлерінің арасында еліміздегі қоғамдық қауіпсіздік өз дәрежесінде сақталып отырғандығы баршамызға аян. Полиция қызметкерлерінің жанқиярлық еңбегі мен ерлігі өз қызметтік міндеттеріне деген адалдығы бүкіл әлемді COVID-19 инфекциясы жайлап, Төтенше жағдай жарияланған тұста да көрінді. Індетпен күресте жаңа араша болған дәрігерлермен қатар, әскерилер, еріктілер және полиция қызметкерлері ең алдының сапта болып, халықтың шынайы ризашылығына бөлене отырып, полицияның оң имиджін қалыптасуына үлкен үлес қосты. Мемлекет басшысы бұл індеттің әлі де болса қауіпті екендігін және қауіпсіздік шараларын қарантиндік режимде жалғастыра беру керектігін баса айта отыр. Құқық қорғау органдарына басқа да құзырлы мемлекеттік орындар мен үкіметтік емес ұйымдар, еріктілермен тығыз байланыс орната отырып, індетті жоюдағы жүйелі іс-шараларды жалғастыруды қатаң тапсырды.

Халқымызда «Бір қарын майды бір құмалақ шірітеді» деген нақыл бар. Полиция қызметі саласында әртүрлі қылмыстық әрекеттерге болып, қоғамға жат қылмықтарға жол беру деректері әлі де бар. Бұл ашы да

болса шындық. Кейбір қызметкерлер тарапынан бірін-саран орын алған заңсыз әрекеттер қоғам тыныштығы үшін барлық күш-жігерін сарп етіп жүрген полиция қызметкерлерінің оң имиджіне кері әсерін тигізетіні белгілі. Ішкі істер министрлігінің барлық деңгейдегі басшы қызметкерлері мен өзіндік қауіпсіздік қызметі өз қатарындағы қолы, ары таза емес қылмыс пен тәртіп бұзушылыққа бейім қызметкерлерден арылуға бағытталған жүйелі іс-шараларды ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет салаларымен бірлесіп отырып жүргізуде. Өз қызметінде қылмыстық әрекеттерге жол берген азаматтар жөнінде ақпараттарды барлық бұқаралық ақпараттық құралдары мен әлеуметтік желілерде ашық түрде жариялауы министрліктің кадр саясатындағы ашықтығын, халықпен тығыз байланыста екендігін білдіреді.

Ел аузында «Ет бұзылса, түз себеді, түз бұзылса, не себеді?» деген ұғым бар. Халықтың өз өмірін, тыныштығын, құқығын қорғайтын ең ірі мемлекеттік құрылымның жұмысына сын көзбен қарауы, ол жүйеде орын алған әрбір келеңсіз жағдайдың тұрғындар арасында үлкен резонанс туғызатындығы және теріс пікір қалыптастыратындығы – заңды құбылыс. Сондықтан да бұл жүйеге халықтың көңілінен шығатын, тұрғындар мен қоғамның барлық азаматтық институттарымен тікелей байланыста бола отырып, жайлы да қауіпсіз қоғам қалыптастыруға мүдделі құрылым керектігі – заман талабы.

Мемлекет басшысының Жолдауында «Бүкіл прогрессивті әлемде полиция институты сервистік модель негізінде дамуда. Біз, сондай-ақ, осындай модельге көшу туралы мәлімдедік, бірақ әзірге жұмыс тек фрагменттік нәтижелерге жекелі. Учаскелік инспектордың мәртебесін заңды түрде арттырып, оған нәтижелі жұмыс істеу үшін барлық мүмкіндіктерді ұсыну қажет. Ол азаматтар үшін танымал, қолжетімді, беделді болуға, олардың құқықтарын белсенді қорғауға тиіс. Құқық қорғау органдары қызметкерлерін адамдармен ашық диалог жүргізуге үйрету маңызды. Бұл бағыт кадрларды даярлау және іріктеу жүйесінде басым бағыт болуға тиіс» – деп көрсете отырып, тиісті тапсырмалар жүктелді.

Премьер-министр А.Маминге Ішкі істер министрлігі, полиция генерал-лейтенанты Е.Тұрғанбаевтың жолдаған қызметтік хатында Әкімшілік полиция комитетінің саласын түбегейлі қайта құруға ешқандай қосымша бюджеттік



қаржының қажеті жоқ екендігін көрсеткен. Мемлекет басшысының тапсырмасын орындауға бағытталған іс-шаралардың мәтіні әлеуметтік желілерде жарияланды. Бұл дегеніміз Ішкі істер министрлігінің түбегейлі реформалық өзгерістерге және қоғам тыныштығын қамтамасыз етуде халық үшін тыңдауға мүдделі екендігін көрсетіп отыр.

Осы орайда, Ішкі істер органдарындағы 30 жылдан аса қызметтік тәжірибеміз сүйеніп, төмендегідей ұсыныстарымды білдіруді жөн деп санадым:

– Ішкі істер министрлігінің жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыру, үйлестіру және бақылауға тиісті дербес департамент немесе басқарма құру жөніндегі бастамасы өте құпталық. Жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында меншік иесіне қарамастан, барлық транспорт құралдарының техникалық жағдайы жіті бақылануы керек. Әсіресе жолаушылар тасымалымен айналысатын автобустар, inDriver жүйесі, такси қызметі, балалар мен оқушылар тасымалымен айналысатын, вахталық және шетелдік еңбек мигранттарының тасымалымен айналысатын көліктердің техникалық жағдайын бақылау маңызды. Жол жүру қозғалысын ұйымдастыруда қалалар мен елді мекендерде заманауи цифрлық озық технологиялар мен автоматты қондырғыларды енгізуді жоспарлау, ұйымдастыру, магистральді автомобиль жолдары мен қала көшелерінің сапасы мен жол белгілері, жолақ сызықтарының басқа да жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған техникалық қондырғылар мен өлшеуіш құралдарын енгізуге байланысты нормативті құжаттарды дайындай отырып, тиісті жол-коммуналдық шаруашылықтармен, құзырлы органдармен бірлесіп отырып, үйлестіретін құрылым болуы тиіс. Сондай-ақ, жол жүру ережесін жас ұрпаққа балабақша, мектеп қабырғасында терендетіп оқып-үйретіп, жасөспірімдерді қара-

пайым ереже сақтау арқылы өз өмірі мен денсаулығын сақтай отырып, құқықтық мәдениетін қалыптастыру өте маңызды. Сондықтан да жол қауіпсіздігін қамтамасыз етуде мемлекеттік бақылау жасаудың ролі өте жоғары;

– Қазір экология мен қоршаған ортаны қорғау – өте өзекті мәселе. Коронавирус індетінің өршуі, құс тұмауы, басқа да жұқпалы індеттердің таралу қаупі, халықтың қарапайым сақтық шараларын сақтамауы, карантиндік режим талаптарын қамтамасыз ететін экология, жойылып бара жатқан жануарлар дүниесі мен табиғатты қорғау, елді мекендер мен қалаларда санитарлық жағдайларға бақылау жасайтын Әкімшілік полиция комитеті құрамында дербес құрылым болуы шарт деп есептейміз;

– Ішкі істер министрлігі еліміздегі саяси-қоғамдық ахуалға үнемі мониторинг жасай отырып, қоғамның тыныс-тіршілігін, азаматтардың сұраныс-талаптарын, наразылықтың туындау себептерін анықтайды. Тиісті құзырлы органдарды алдын ала ақпараттандыру, азаматтық-қоғамдық институттар мен қоғам белсенділерін қатыстыра отырып, шиеленіс ошақтарын залалсыздандыру, сондай-ақ, бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде үнемі мониторинг жасай отырып, мемлекеттік құрылымға және қоғамға жат арандатушылық, жалған ақпараттар тарататын тұлғаларды анықтап, тиісті құзырлы органдармен бірлесіп отырып, шара көретін дербес құрылым болуы тиіс. Жергілікті полиция департаменттерінде баспасөз қызметінің жұмысын жандандыру мақсатында осы бөлімдердегі қызметкерлерді қайта аттестациялаудан өткізіп, офицерлік лауазымдарға тағайындау арқылы халыққа қылмыстық ахуал мен оқиғалар жөнінде тәулік бойы шұғыл ресми ақпараттандыру, тұрғындар арасында жалған ақпараттардың таралуына жол бермеу және полиция қызметкерлерінің шұғыл әрекеттері жөнінде қылмыс орын алған аумақтан және оқиға орындарынан тікелей репортаждар жүргізу тәртіп сақшыларының оң имиджін қалыптастыруда шешуші роль атқаралы.

Мемлекет басшысының «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» бастамасы бұл – шын мәнінде, әділетті мемлекет құру тұжырымдамасы. Ішкі істер органдарының қызмет салаларындағы реформалық өзгерістердің талаптарына сай келеді. Заң үстемдігі орныққан жағдайда ғана азаматтардың қауіпсіздігін кепілдік беріле отырып, Тәуелсіз мемлекеттіміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының жаңа сатысына шығатыны сөзсіз.

Әмірбек ШАЙМАҒАМБЕТОВ,
Қызылорда қаласы
әкімінің кеңесшісі, ҚР Ішкі істер органдарының құрметті қызметкері, запастағы полиция полковнигі

● 30 ҚЫРКҮЙЕК – ӘДІЛЕТ ОРГАНДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ

ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІҢ АЛҒЫШАРТЫ

Қазақстандық патриотизм мен кәсіби мақтанышты және адами ынтымақтастықты тәрбиелеу мақсатында 30 қыркүйек Әділет органдары қызметкерлерінің күні болып танылды. Бұл күн Қазақстанның Тұңғыш Президенті-Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Жарлығымен белгіленген болатын.



Өз тарихында Әділет органдары мемлекеттің тыныс-тіршілігіне нығайту мен дамуына, заманаман жетілдіруге, әділеттілік ұстанымын бекітуге, азаматтардың конституциялық құқығын, бостандығы мен заңды мүдделерін қорғауға және жүзеге асыруға әрдайым белсенді үлесін қосты.

Мемлекеттік биліктің бір тармағы ретінде әділет органдары өз қызметі шегінде мемлекеттің қызметін құқықтық қамтамасыз етуді жүзеге асырады. Мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың жұмысында заңдылық режимге қолдау жасайтын, азаматтардың және ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін атқарушы билік органы. Міндеті – мемлекеттің даму стратегиясын әзірлеу мен іске асыруға қатысу. Заң жобалау жұмысын жүргізу, заңнаманы талдау, жетілдіру, жүйелеу, нормативтік құқықтық актілердің жобаларына жан сараптама мен жүргізу арқылы адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының үстемдігін, Қазақстан Республикасының егемендігін, Қазақстан қоғамы мен мемлекетінің тұрақты және қаршыты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған ұлттық заңнаманы қалыптастыру. Осы орайда Әділет органдары мемлекеттік қызметті құқықтық тұрғыдан қамтуды жоғары кәсіби деңгейде жүзеге асырып келеді. Еліміздің заңнамаларын дайындауда да әділет органдарының орны ерекше. Әрбір заң жобасы Парламентке бармас бұрын Әділет министрлігінде өңделулен өтеді.

Маңызды міндеттердің бірі – құқықтық көмекті және заң қызметін көрсетуді ұйымдастыру және насихатты қамтамасыз ету арқылы халықтың құқықтық мәдениетін арттыру. Бұл – құқықтық мемлекет болып қалыптасудың алғышарты. Қазақстан мемлекеттілігінің дамуымен қатар, әділет органдарының ролі де өзгеріп, олардың қызметі жаңа мазмұнмен толығып, құрылымдық функциясы да жаңа арнаға түсіп отырады. Бірақ алдында тұрған міндеттер қалай өзгерсе де, әділет органдары қызметінің басты мазмұны – заңдылық пен құқық қорғауды нығайту, мемлекеттік мүддені қорғауды қамтамасыз ету, азаматтардың әлеуметтік-экономикалық, саяси және жеке құқықтары мен бостандықтарын қорғау, заң бұзушылықты болдырмау болып қала береді.

Сот актілерін орындау сот әділдігін іске асырудың соңғы қорытындысы және азаматтардың құқықтарын қорғауға конституциялық кепілдігін қамтамасыз етудің маңызды құралы. «Бес институтыналық реформаны іске асыру жөніндегі 100 нақты кадам» Ұлт жоспарының 27-қадамына

сәйкес атқарушылық іс жүргізу саласын түбегейлі реформалау жүргізілді. Жеке сот орындаушылары институтын одан әрі дамытуды және сот орындаушыларының мемлекеттік қызметін кезең-кезеңмен қысқартуды көздейтін шешім аталған реформаның түйіні болды. 2016 жылғы 1 қантардан бастап жеке сот орындаушыларының құзыретіне 1000 АЕК асатын соманы мемлекет пайдасына өндіріп алу туралы құжаттарды, мемлекет мүддесінде жүргізілетін үйден шығару, үйлерді бұзу, жер учаскелерін алып қою бойынша істерді қоспағанда, атқарушылық құжаттардың барлық санаттары берілді. Сондай-ақ жеке сот орындаушыларының өкілеттіктері кеңейтілді. Заманауи жеке сот орындаушылары институтын дамытуды көздейтін өзгерістердің еңгізілуіне байланысты мемлекеттік сот орындаушылардағы атқарушылық құжаттар санына қарағанда, жеке сот орындаушылардағы атқарушылық құжаттар санының көбейгені байқалады.

Халыққа сапалы мемлекеттік қызмет көрсету – әділет органдарының басты міндеті, ал сапалы мемлекеттік қызмет көрсету азаматтардың мемлекеттік органдарға деген сенімін арттыру мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың маңызды көрінісі. Әділет органдары 2018 жылы мемлекеттік қызметтің 20 түрін көрсеткен, бытырдан бастап 12 қызмет түрі қорытылды. Қызмет түрлерінің азыауы бірқатар тіркеу функциялары «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына берілуіне байланысты.

Атап айтқанда, жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеуді жүзеге асыру мемлекеттік корпорацияға берілді. Бұл азаматтарға мемлекеттік қызметтерді бір жерде алуға мүмкіндік береді және оларды қамтамасыз ету үшін бизнес үдерісін айтарлықтай азайтты. Сондай-ақ, коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлғаны тіркеу жұмыстарын биылғы 1 шілдеден бастап мемлекеттік корпорация жүзеге асыруда. Әділет департаментінің құзыретінде, корпорацияның жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу және заңды тұлғаларды тіркеу қызметіне бақылау және методикалық көмек көрсету функциялары қалдырылған.

2018 жылдан бастап нотариаттық, адвокаттық және жеке сот орындаушылар қызметімен айналысуға лицензия алу бағыты бойынша көрсетілетін қызметтер электронды форматқа көшті. Тұрғындарға мемлекеттік қызметтің электронды түрін қолданудың тиімділігін түсіндіру мақсатында мемлекеттік корпорациямен бірлесіп құқықтық түсіндірме, насихат жұмыстары жүргізіліп тұрады.

Бүгінде әділет органдары өз жұмыстарын онтайландыру мақсатында еңбек етуде. Қызметкерлер әрдайым мемлекеттілікті нығайту мен дамытуды, заңнаманы жетілдірудің, әділеттіліктің принциптерін орнатудың, азаматтардың конституциялық құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделерін іске асыру және қорғау жөніндегі маңызды міндеттерін орындап келеді. Әділет органдарын жетілдіруде ардагерлердің де қосқан үлестері орасан зор.

Кәсіби мерекеде әріптестеріме, әділет органдарының ардагерлеріне зор денсаулық, қызметте жаңа жетістіктер, кәсіби өрлеу, жақындарыңызға амандық тілеймін! Отанымыз – Қазақстан Республикасының өсіп-өркендеуі жолындағы қызметтеріміз жемісті болсын!

И.БӘКІШЕВА,
облыстық әділет
департаментінің басшысы

● ТАҒАЙЫНДАУ

БАСҚАРМАДА ЖАҢА БАСШЫ

Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Кадр саясаты жөніндегі ұлттық комиссиясының келісімі негізінде облыс әкімінің өкімімен Мақашов Сұлтан Бисқаулы Қызылорда облысының жер қатынастары басқармасының басшысы лауазымына тағайындалды.



Сұлтан Мақашов 1961 жылы туған, Қазақ химия-технологиялық институтын «Инженер-құрылысшы» және Қызылорда экономика, экология және құқық академиялық университетінің «Заңгер» мамандықтары бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1978 жылы Жаңақазалы коммуналдық кәсіпорындар комбинатының слесарі ретінде бастаған.

1984-1994 жылдары №1604 жылжыпалы механикаландырылған колоннада монтажник, №86 жылжыпалы механикаландырылған колоннада бригадир, шебер, аға прораб және 2

азаматтық құрылыс мекемесінің бас инженері, бөлім басшысы.

1995-1996 жылдары Қазалы ауданы әкімінің аппараты ұйымдастыру-инспекторлық бөлімінің бас инспекторы, Қазалы ауданының бас сәулетшісі;

1996-2012 жылдары «Қызылорда облысы бойынша жылжымайтын мүлік орталығы» РМҚК Қазалы филиалының директоры;

2012-2019 жылдары Қазалы ауданы әкімінің орынбасары, Қармашы ауданының әкімі;

2019-2020 жылдары Жаңақорған ауданының әкімі болып қызмет атқарып келді.

ЖАСТАР ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ

Мемлекет басшысы биылғы Жолдауында білім саласына ерекше көңіл аударғаны белгілі. Осы орайда «Болашақ» университетінің жоғары колледжінде «Студент жастар арасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру» тақырыбында онлайн конференция өтті.

Модератор, колледж директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Олжас Рамазанов Президентінің қашықтан білім беру үшін әлі нақты онлайн-платформа жасалмағанын сынағанын, «Толыққанды білім үдерісі үшін қажетті барлық функциясы бар бір онлайн білім беру платформасын шұғыл әзірлеу қажет» деген тапсырма бергенін атап өтті. Осы тапсырмаға сәйкес оқытушылардың жаңа форматтағы біліктілік сапатына өтуіне жағдай жасалып отыр. Жаңа оқу жылында қашықтан оқыту ісін

ұйымдастыруда бірнеше директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Олжас Рамазанов Президентінің қашықтан білім беру үшін әлі нақты онлайн-платформа жасалмағанын сынағанын, «Толыққанды білім үдерісі үшін қажетті барлық функциясы бар бір онлайн білім беру платформасын шұғыл әзірлеу қажет» деген тапсырма бергенін атап өтті. Осы тапсырмаға сәйкес оқытушылардың жаңа форматтағы біліктілік сапатына өтуіне жағдай жасалып отыр. Жаңа оқу жылында қашықтан оқыту ісін

оқу орындарының инновациялық қызметке ауысу тетігін қалыптастыру қажет деген пікірін қолдайтынын жеткізді. Ал 2021 жылдан бастап оқытушылардың еңбек ақысын көбейту туралы бастама ұстаз еңбегін лайықты бағалау үлгісі ретінде қабылданып отыр.

Онлайн конференция барысында колледждің құқықтану пәні оқытушысы Айгүл Сарбалаева «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл әрбір азаматтың міндеті» тақырыбында баяндама жасады. Тақырып бойынша қатысушылар пікірталасқа өрбіп, соңында үздік баяндамашыларға сертификат берілді.

Қанат ҚЫПШАҚБАЕВ,
«Болашақ»
университеті жоғары колледжінің оқытушысы

1 ҚАЗАН – ҚАРТТАР КҮНІ

Қазан айы – күздің берекелі мезгілі. Ағаш басындағы жемістің бәрі ақ дастарханға түсіп, қызыл егін қамбаға құйылған кезең. Бұл мезетте күз секілді жомарт жүрек қарттардың да қуанышы еселене түседі. Халықаралық қарттар күні мерекесі аталып өтіледі.

Біз осы айтулы күннің қарсаңында облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, Қызылорда қаласының құрметті азаматы Серік Әбішұлы Дүйсенбаевқа жолығып, екі-үш ауыз әңгімеге тарттық.

ТОҚСАНДАҒЫ ҚАРТ БАБАҢ ТОПҚА ЖАҰУ БАРМАҒАЙ...



– Серік аға, мереке құтты болсын. Осы қарттар күні жайында жастарға бір дерек бере кетсек... Жалпы, бұл мереке қайдан шыққан, қазақ күнтізбесіне қай кезден кірді?

– Қарттар күні Еуропа елдерінде бұдан бір ғасыр бұрын-ақ мерекеленіп келген. 1990 жылы Бас Ассамблея І қазанды «Халықаралық қарттар күні» деп жариялады. Оның басты мақсаты – аз қамтамасыз етілген қарт адамдарға, жалғызбасты қарт зейнеткерлер мен мүгедектерге көңіл бөлу, оларға материалдық, әлеуметтік-тұрмыстық және басқа да көмек түрлерін көрсету.

Ал, біздің ата-бабаларымыз қартын сыйлау үшін арнайы қарар шығармаған. Қазақтың тәлім-тәрбиесінің бәрі үлкеннің алдын кеспеуге, сөзін бөлмеуге, қартты құрметтеуге құрылған. «Қарты бар үйдің – қазынасы бар» деп қарттардың мәртебесін жоғары тұтқан.

Біздің тұсымыздағы атаулы күн де жаңа айтқанымыздай, сол халық дәстүрін дөңкер қылып, қарттардың жанына шипа, деніне дәрмек сыйлауды міндеттейді. Қарттарға арналған мерекелік іс-шаралар өткізіліп, еріктілер тарапынан қарияларға көмек көрсетіледі. Әртүрлі жобалар ұйымдастырылып, мемлекет тарапынан арнайы жәрдемақылар тағайындалады.

– Біздің облыстағы қарттардың жай-күйі қалай?

– Облыс бойынша 74 мыңнан астам ардагер бар. Ардагерлер кеңесі тарапынан солардың бірде-бірін назардан тыс қалдырмауға тырысамыз. Өңірлерде 728 бастауыш ұйым жұмыс істейді. Сол ұйымдардың жұмысын қадағалап, өз ардагерлері мен қарттарына қай дәрежеде көңіл бөліп отырғанын көреміз.

– Осы жұмыс пандемия кезінде біраз іркіліске түскен шығар?

– Қарттарға құрмет көрсету – қай кезде де жүргізіле беретін жұмыс. Осы кезеңде облыс әкімшілігінің қолға алуымен мемлекет және қоғам қайраткерлері Сейілбек Шаухаманов пен Ыдырыс Қалиевқа Қызылорда төрінен ескерткіш мүсіндерін қойылды. 75 жасқа толған ғалым-ұстаз Бакберген Досманбетовті облыс әкімі арнайы қабылдап, сый-сияпат көрсетті. Бұл шаралар күллі қарттардың мәртебесін өсірді.

Әрине, коронавирус індеті – күллі әлемнің нығына түскен салмақ. Ардагерлер, елге аты белгілі қарттар карантин кезеңінде елді бұқаралық ақпарат құралдары арқылы бірлікке шақырып, карантин талаптарын сақтауға, той-құдайыны шағын көлемде, жақындарымен ғана атқаруға үндеді. Аяғы жететін жерлерде, ауыл ішінде қарттар жұрттың бой түзейтін төбе биніе айналды.

Ал, карантин жеңілдетілгенде қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне қарасты зейнеткерлер мен мүгедектерге қызмет көрсету орталығы санитарлық талаптарды сақтай отырып, отыз бес қарт кісінің ем алуын, демалуын қамтамасыз етті. Оларды демалыс күндері Қожа Ахмет Ясауи, Арыстан-баб, Укаша ата секілді әулиелі жерлерге алып барып, мінәжат жасауға, бой жазауға жағдай туғызды.

– Ал, бүгінгі келген мерекеге сай қандай шаралар бар?

– Пандемия салдарынан көп жоспарларымыз іске аспай қалды. Алайда, қарап жатпадық.

Осы мерекеде ардагерлер кеңесі тарапынан 70, 80 жасқа толған ардагерлерімізге, қоғамдағы белсенді қарттарымызға арнайы құттықтаулар жібердік. Олар «Қызылорда облысының құрметті ардагері» төсбелгісімен марапатталып, ардагерлер кеңесінің құрмет грамотасымен, алғыс хаттарымен марапатталды.

Мен осы заттардың бәрін көлік арқылы жөнелттім. Оны жергілікті ұйымдар күтіп алып, тиісті кісілерге табыстайды.

Мереке күніне орай облыс, қала, мекеме, ұжым басшылығынан басқа да марапаттар болады.

– Сырдың бойындағы барша ата-әжелерімізге газет арқылы қандай тілек білдіресіз?

– Еліміз тыныш болсын, халқымыз аман болсын.

«Тоқсандағы қарт бабаң топқа жауу бармағай» деп Бұқар жырау айтқандай, қарттарымыз бейбіт өмірдің бақытынан бал татып, бейнетінің зейнетін көрсін. Кешегі қиын замандарда халқына сүйеу болып, қара терін төккен ақсақалдарымыз бен ақ жаулықты әжелеріміз аман болсын!

Қарттары, аман-сау жүрсің.

– Айтқаныңыз келсін, аға.

Әңгімелескен
Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,
«Сыр бойы»

ЖҮЗ ЖАСАҒАН

«МЕНИҢ ЖАСЫМДЫ БЕРСІН!»



Бүгінде Қызылорда қаласында ғасыр жасаған үш қарт тұрады. Екінші бірі жүзге жете бермейді десек, жүзге жетіп, бала-шағасының қызығын көріп отырған аналар жайлы Қарттар күніне орай әңгімелеуді жөн көрдік.

Сара АДАЙБАСЕВА,
«Сыр бойы»

Алдымен Несібелді Піржанованың шаңырағына барып, ақ батасын алып қайттық. Әжей маусым айында жүзді толтырыпты. Жүзі жарқын, ойы анық, сөзі жүйелі. Шөпшегінің өміріне нисеп қояды. Тарам-тарам қолдарынан тіршіліктің тауқыметін аз тартпағанын аңғардық. «Уақыт, шіркін, қойсын ба!! Өз дегенін істейді» деп үлкендердің неге жиі айтатынын енді түсінгендейміз. Қарт ананың құлағы нашар естілді. Қасына отырып, келген мақсатымызды айттық. Жылы жүзіне күлкі үйіріліп, сөзін сабақтады.

– Біздің балалық шағамыз болмады. Еңбектен бел жазбадық. Бала болсам да, әжейге қарадым. Соғыс уақыты, ол шақтар қиын еді. Тамақ тауып жеу де оңай емес. Барды талғажау етіп, күн кештік. Қазір, шүкір, бейбіт заман. Біз өткерген қиындықты жас ұрпақтың басына бермесін, – деді ауыр күрсініп.

Несібелді әжей төрт ағайынды болған. Жас кезінде анасы қайтыс болып, әкесі мен бауырларына қарап, жауапкершілікті ерте сезінді. Егін шаруашылығымен айналысып, еңбекке араласты. 1943 жылы жолдасы Сақтаған Піржанмен отбасын құрып, 8 құрсақ көтерді. Балаларын жетілдіріп, оқытты. Қартарынан кем етпей, құтты орындарына қондырды, бүгінде сол бейнетінің зейнетін көруде. Ұл-қыздары – бір-бір саланың білікті мамандары. Олар ата-анасын құрмет тұтып, үлгі етіп отырады. Қызы Сара анасының үнемі елдің амандығын, қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын заманның болғанын тілеп отыратынын жеткізді.

– Ата-анамыз мал шаруашылығымен айналысты. Төрт түліктің бәрі декорада болды. Күбі пісті, май шайқады, текемет басты. Ағарған дастарханнан үзілмейтін. Қымыз, қымыран, шұбат ішіп өстік. Содан болар ауырған емеспіз. Қазір анам ешқандай емханада есепте тұрмайды. Ауруханаға да жатқан емес. Пандемия кезінде де аман шықты. Мұның бәрі де мықты денсаулықтың арқасы, – дейді ол.

Әжейдің 8 ұл-қызынан 25 немересі, 35 шөбересі, 6 шөпшегі бар. Ұрпағының қызығына куә болып, бақытына бөленіп отыр. Бұл үйден қонақ арылған емес. «Батаменен ел көгереді» демекші, үлкен кісінің ақ батасын алып, өніп-өсіп, көктеп-көгергісі келетін жас отбасылар бар. Қарттың хал-жағдайын сұрап келетін ағайындар да шаңыраққа жиі бас сұғалы екен.

Жүз жасты еңсерген кейуана «Әуелі Алланың берген ғұмырын сүріп келеміз. Жақсы ниет етіп, жақсылық тілеу сауаптан. Ұрпағыма менің жасымды берсін» деп сөзін түйіндеді.

Ол үшін бейбіт заманның тыныштығы бәрінен маңызды. Әрдайым елдің берекесін, бірлігі мен ауызбіршілігін тілейтін Рахия Аңаева биыл 101 жасқа толды. Көргені көп, түйгені мол ғасыр куәгерінің ақ батасы қабыл болып келеді.

Ол 1919 жылы Қазалы ауданы, Байқожа станциясында дүниеге келген. Соғыс уақытында тылда еңбек етті. Жеңіс күнін жақындатуда үлес қосты. Талдырмаш қыз Семей қаласына барып, қарағай да кесті. Тасбөгеттегі

көпірді салуға еңбек сіңірді. Бала-лық шағы ашаршылық кезеңіне түспа-түс келді. Күршітін күрмегін жеп, қиын кездерді бастан өткерді.

Рахия әжей 1946 жылы отбасын құрып, екі баланы өмірге әкелді. Жолдасынан ерте айырылып, балаларын жетілдіру үшін 25 жыл шопан болды. Бүгінде 2 баласынан 25 немере, 15 шөбере, 13 шөпшек өрбіді. «Біздің көрмегеніміз жоқ. Ендігі жерде жастар аман болсын. Нәубет жылдар қайта келмесін. Ұрпағымыз бақытты болсын» деп тілек тілеп отырған ананың балалары 101 жасын атап өтіпті. Жергілікті әкімдік тарапынан да сый-сияпат көрсетілген. Қазір Рахия әжейді немересі Серікбол Ақжанның шаңырағына әкеліп, қымыз, қымыранын беріп, қам-қорлық танытып отыр.

– Үйде қарт кісі болса, байлық бар. Жақсылық тілеп, батасын беріп отырады. Әжем өмірдің талай теперішін көрді, қиындыққа мойымдады. Бұл кісі – қазынамыз. Біздің де жағдайымызды сұрап, шөпшегінің алақанынан май жалап отыр, – дейді немересі.

Биыл Тасбөгет кентінің тұрғыны Алия Қамысбаева да 100-ге толды. Ол Аралдың Бөген ауылында балықшы отбасында дүниеге келген. Қарт ананың өмірлерінің тыңдап отырып, қиын-қыстау кезеңде белі қатаймастан еңбекке араласып, ерте есейгенін аңғардық. Отбасына қолғабыс етіп, ата-анасына қамқор болды. 18 жасында жолдасы Әбу Ибрагимовпен шаңырақ көтерді. 1939 жылы тұңғыш ұлын өмірге әкелді. Екінші ұлы туғанда жары Әбу Сталинград майданына алынады. Екі баламен қалған Алия бүкіл отбасының жауапкершілігін арқалады. Жас балаларын қалдырып, балықшылар қатарына қосылды. Мұздай суды кешіп, майданға балық жөнелтуге үлес қосты. Осылай жүргенде жас балалары бірінен соң бірі шетінеп кетті. Соғысқа кеткен Әбу 1942 жылы жараланып, госпитальға түседі. Қатарға қосылғанымен, алған жаракаты асқынып, 1943 жылы балдаққа сүйеніп елге оралды. Жалғыз қалған жарына демеу болып, өмірге қызы Құлмараш келді. Алия анамыз жолдасы екеуі соғыстан кейінгі тұралап қалған шаруашылықтың жандануына атсалысты. 1984 жылы жолдасы қайтыс болды. Қазір қызының қолында тұрады.

– Нағашы өткен 99 жасында өмірден әтті. Биыл анамын жүзге келгенін ағайын-туыс, бала-шағаның арасында атап өттік. Бұл кісінің 5 немересі, 26 шөбересі, 11 шөпшегі бар. Қимылы ширақ, кешегі күнге дейін шаруаны тастауын атқаратын. Өте тазайым, сабырлы жан. Еңбекті жаны сүйеді. Соңғы уақытта көзі нашарлап қалғаны болмаса, жағдайы жақсы. Сонымен бірге өткен күндерін, естеліктерін ұмытпаған. Біздерге, немере-шөберелеріне айтып отырады, – дейді қызы.

Бүгінде әжей ұрпағының көрсетіп жатқан құрметіне алғысын білдіріп, «Мен секілді жүз жасаңдар!» деп батасын беріп отыр.



Осыдан үш жыл бұрын қазақтың біртуар ұлы, мемлекет және қоғам қайраткері, Тәуелсіз Қазақстан Республикасының тұңғыш Премьер-Министрі болған Сыр елінің аяулы перзенті Ұзақбай Қараманұлы Қараманов өмірден озды.

ТҰЛҒА ТАҒЫЛЫМЫ

Арада жылдар өтсе де, Ұзақбай ағаның орны ойсырап тұр. Замандастары мен ізнен ерген інілері әлі күнге сағына іздесе, бар ғұмырын халқына қызмет етуге арнаған арда азаматын халқы да қалдыр тұтып, есінен бір сәт шығарған емес. Тәуелсіздіктің елең-алаң шағында, еліміздің ес жиып, қиын кезеңдерден шығуына бар күш-жігерін сала еңбек еткен тұлғалардың бірі де бірегейі болатын Ұзақбай аға.

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің екі дүркін депутаты болған, өмірінің соңына дейін қоғамдық қызметтен де қол үзбей, елге аянбай қызмет еткен Ұзақбай ағаның өмірі мен еңбек жолы кім-кімге де үлгі-өнеге болатындай гибратқа толы.

Үзегілес замандасы, бірі Премьер-Министр болса, бірі орынбасары болып халыққа бір дәуірде, бір уақытта қызмет еткен, мемлекет және қоғам қайраткері, ғалым Мырзатай Жолдасбеков Ұзақбай аға туралы былай деп ой толғапты:

«Барлап қарасам, бойын жасырып жүретін тұлпар секілді кісі екен. Біздің Ұзеккен білмегенін терең білуге құштар, ненің де болса байыбына барып, қай істің де түбіне терең үңілгенін аспайтын, саспайтын, жер қозғалса қозғалмайтын, сабырлы, салмақты, артық сөзі жок кісі болып шықты. Үкіметтің қаулы-қарарлары елдің тағдырлы мәселелеріне арналатындықтан дайындалған, қағаздың қай-қайсысына да аса жауапкершілікпен қарады. Ол бойынан кісілігі мен кішілігі айқын көрініп тұрды. Асығып аптықпайды, мақтанбайды, желінбейді. Бір ғажабы Ұзеккен әр істі егжей-тегжейлі білуге құлшынуымен қатар, мінезінде көп адамда кездесе

бермейтін бір қалыптан айнымайтын қасиет бар. Ол қасиет мен көріп жүрген басшыларда кездесе бермейді».

Сырлы да сырбаз сабырлы қалпынан бір танбайтын, үлкенге ізетті, кішіге қамқор ағаның болмысын, кісілік келбетін үзегілес әріптесінен артық жеткізу мүмкін бе?!

Елім, жұртым, ұлтым деп қандай қызметте жүрсе де халқын құрметтеп, ұлтын ұлықтаған азамат кіндік қаны тамған жер, тағлырына бүкіл ғалам алаңдайтын Арал теңізін сақтап қалу жұмыстарының басы-қасынан табылды.

Замандастары текті тұлға еді деп тебірене еске алатын Ұзақбай ағаның бойына тектілік бір кездері асау толқындары бұырқана көкке шапшып жататын Арал теңізінің жағасында өскені мен қарапайым балықшы, зиялы қауыммен етене араласқан, көкірегіне түйгені көп әке тәлімінен еді.

Ұзақбай ағадан ел үшін атқарылар шаруаларды шешуде ақыл-кеңесін тыңдап, үйренгенім көп болды. Туған жерге келген сайын елдің мұң-мұқтажын тыңдап, қолынан келгенінше шешілуіне қол ұшын созатын. Елдің мәселелеріне өз мәселесіндей қарап, шын жан аштын елінің жана-шыры болған еді. Даналығы, қарапайым болмысымен халқының ыстық ықыласына бөленді. Ұзақбай ағамыздың есімі жылдар өткен сайын саф алтындай жарқырап, еске алған сайын еселі еңбегі көптің көңіліне шуақ болып қайта орала берері сөзсіз.

Жатқан жеріңіз жайлы, мәңгілік мекеніңіз пейіште болғай, жаны жайсаң жақсы аға!

Болатбек ҚУАНДЫҚОВ

Жарты ғасыр жұбын жазбаған

Бір үй, бір әулет қана емес ауыл түгелдей сыйлап құрметтейтін аналар бар арамызда. Арал теңізінің құяр сағасындағы Қаратөре ауылындағы Асылбике ана – сондай адам. Көптің арасында суырылып сөйлеп, ешкімге елдің көзінше ақыл айтып, жарқырай көрінбеуі мүмкін. Бірақ, мейірім толы көзқарас, кімге болмасын жақсылық тілейтін жанашыр ниетін ауыл түгел танып алған. Отағасы Ерғали екеуі отау құрған елу жылдан астам уақытта бұл үйден қай жолғаушы да риза көңілмен аттанатын.

Сәйдана ЖҰМАДИНОВА,
«Сыр бойы»

Биыл Наурыз мерекесін ауылда қарсы алудың сәті түсті. Сонда тұрғындардың көбі «Ерғали ағаның үйіндегі наурыз-көжені айтсаңшы! Жылда көше беткейге қазан толы ас дайындап, жолғаушының бәріне дәм татқызады» дескен. Біз де отбасындағы бұл дәстүр сонау 1988 жылдан басталғанын бала кезде естігенбіз. Кейінірек, осы дәстүрдің биыл неге бұзылғанын үлкен ұлы Нұрлан ағадан сұрағанымда «Әкем мен анам барда қонақ үзілмейді ғой. Биыл елдегі жағдайға байланысты көшеге қазан аспадық. Бірақ карантинге қарамастан көрші мен ағайын, таныстарымыз үлкендерге келіп амтандысып, көжеден дәм татып кетті» деген болатын. Иә, бар мәселе бір кесе көжеде емес, көңілде екенін ұқтырғандай еді бұл сөзі.

Асылбике апаны ауыл ғана емес, көршілес елді мекен тұрғындары да «ана мен бала-

ның қамқоршысы» деп таниды. Балаға көз тигенде не әлденеден қатты қорқып, шошынғанда медицинаның өзі дәрменсіздік танытатыны бар. Мұндайда қазақ өзі де, сөзі де шықпай, елге тек жақсы аты шыққан, қасиет қонған адамдарға баланың тандайын бастырып, адыраспан, арша секілді киелі шөптермен аластырып алған. Бұрын мұндай қазақты емді әр әулеттегі әже жасайтын. Асылбике ана қолына алған бөбек жылағанын бірден қойып, құлдырандап ойнап кететінін барған жанның бәрі айтады. Бойында осындай қасиет бар ана тек балаларды ғана қарайды. Жылда «Бегім ана» мұнарасына жол бастап, бізбен бірге барыңызшы» деп, қолқалап келетіндер бар. Қасиетті орынға тек қыз-келін-шектерге ғана баруға рұқсат етілгенін, ешкімнің көңілін қалдырмай көрген емес.

Нұрлан аға «Әкеміз анамың күтіміне әбден үйренген.



Біз қанша жағдайын жасасак та, анамды іздеп отырады. Қазір көптен төсек тартып, тіл қатпаса да, әкемінен анам бір жерге барар алдында рұқсат сұрайды дейді.

Қанша жасқа келсе де, ерлі сыйлаған, текті ананың болмысын түсіне бастағандай болды. Отау құруларының өзіндегі түсіністік пен мейірім бұл отбасына әуелгі күннен орныққанын ұқтыратындай.

Арал аумағында жас күнінде балық аулап көрмеген жас жігітті кезіктірейсің. Әсіресе, көк теңізде тұлаған толқынмен тайталасып несібе терген ерлердің аман-есен оранған әр күні – тағдырдың сыйы. Ерғали аға да өзі ұнатқан қызды ұзатып алып кетісін деген уәделі күні теңізге аттанып кеткен болатын.

Көңілде уайым-қайғы жоқ. Сол күні дүлей дауыл тұрып кетер деп ойлапты ма? Жағадан елауыр ұзап кетіп, уәделі уақытта қыздың үйіне жету мұң болады. Қазіргідей уақыт болса, тойдың болмай қалуы да мүмкін бе еді. Бірақ, кешке көңілі көк теңізден де алай-дүлей болған жас жігіт үйіне келгенде таң-тамаша қалыпты. Ерғали толқынмен алысып жүргенде, ағайын-туыс, күйеу жігіттің орнына досы Құдайберген барып қалыңдығын үйге түсіріп қойыпты. Тәңірдің өзі сыйлаған қуанышты сол бір күннен кейін елу жыл бойы болмашыға жанжалдасып, бөлініп көрген емес.

Үлкен ұлдары Нұрлан аға сексенінші жылдардың соңында мектеп бітіріп, Ресей жерінде,

одан кейін Оралда білім алды. Ол кезде орыстың жері түгілі облыс орталығынан өзіне бақырып оқу үшін табандылық керек. Сонда үлкендер жап-жас баланы шетке жіберуге қимай, қорқасоктағанда, «Балалардың үлкені. Мен оның аман-есен оқып келетініне сенемін» деп анасы бірінші болып қолдау танытқан еді. Иә, ұмт алды. Тұңғышы білім бәйгелерінде тек биіктен көрінді, бірнеше жылдан бері мектепте директордың орынбасары қызметін атқарады. Кейде әртүрлі лауазымды орындарға жұмысқа шақырған ұсыныстар түседі. Сондайда әке мен анасының айтатыны: мансап қума, қызметіңе адал болсаң, абырой өзі келеді. Мұнан кейінгі ұлы Асхат та жоғары білім алып, Ақтөбеден ауқымды кәсіп ашты. Ал, білімнен оза шапқан, мақтаулы ұш қызы – бүгінде бір-бір әулеттің келіні.

Әлемі әндігі «жапырақ жайған бәйтерек, тереңге тартқан тамыры» деген теңеуді Ерғалидай әкенің отбасына айтсақ керек. Асылбике анадай ауылдың әрбір тұрғынына жанашыр, шамасы келсе әркімге көмектесуге дайын мейірбан жанның көк жүрегін, балаларына деген сенім әрбір анада болса дейміз. Ал, ауылдағы әр үйде тазалық пен дархандық, кеңпейілділік болуы осындай қарттардың үлгі-өнегесінен, тәрбиесінен болса керек.



● КЕЛБЕТ

ҚҰШТАРЛЫҚнемесе «жаңа күннің жақсылығына» ұмтылған

Бір дәуір, бір заман, бір қоғам, бір ортада өмір сүретін адамдардың көп жағдайда тағдырлары, өмірлері ұқсас, ой, толғаныстары, дүниетанымдары үндес болуы – табиғи құбылыс. Олар кейде дидарласып, өзара түсінісіп, кейде кереғар пікірлерді ұстанып, кейде жақын араласып, кейде бір-бірінен алшақтап жүруі де мүмкін. Азаматтар арасындағы достық та, сыйластық та – адаммен бірге жасасып, жарасып келе жатқан ерекше, сыры толық таныла қоймайтын жұмбақ құбылыс.

Ол құбылыс – адамтану әлемінің ең бір қызықты кезеңі, үзгі, көрінісі болса керек. Кейде ұзақ жылдар сыйлас, достас болып келген адамның бұрын байқалмай, көрінбей жүрген ішкі қатпар, шынайы табиғатын, тек өз бас пайдасын көздейтін бақай есебін сезіп, көзің жетіп, көңілің құлазитын кездер де болады. Ал кейбір өзін жетік біле бермейтін жандардың бойынан жақсылық пен ізгіліктің сәулелерін көріп, сезінгенінде, жоғары табылып, іздегеніне көңілің толғандай маркайтын шақтап, әсіресе азаматтың аға жасына жеткенде әрі қымбат, әрі таптыра бермейтін сирек сезім. Ондай адамдар сырт көзге сыр бермей, әдеттегі күнделікті аралас-құраласта «жібі түзу» көптің біріндей көрінуі әбден мүмкін. Оның ашылуы әріптестік жұмыс барысында немесе сапарлас, дастархандас сияқты бір себепке байланысты. Немесе білгісі келген адам оған өзі қызығушылық білдіріп, оның өміріне, тіршілік-тірлігіне, дүниетанымына, атқарған ісі, еткен еңбегіне үңілуі, ден қойып, тануға тырысуы керек.

Менің сондай тереңірек танығым келген адамым Бакберген Сәрсенұлы Досманбетов болды.

2001 жылы 21 мамырда Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының Жарлығымен Қазақстан Республикасының Қытай Халық Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметін алты жыл атқарғаннан кейін ҚР Парламенті Сенатының депутаты болып бекітілген соң, жаңа өмір басталды. Тіпті мен Қытайға кеткен 1995 жылдан мүлдем бөлек жаңа Қазақстанға келдім. Ол басқа әңгіме. Сенат депутаттарының көпшілігі бұрыннан комсомол, партияда, үкіметте қызметтес болған таныс азаматтар екен. Жылы карсы алды. Тез араласып, қызу жаңа жұмысқа кірісіп кеттік.

Бакберген Сәрсенұлын сыртынан ғана естүім бар еді. Қызмет барысында да, басқа жағдайда да кездесіп, сөйлескен емеспіз. Білетінім – менімен күрдіас. Жас кезінде Қызылорда педагогикалық институты комсомол ұйымының жетекшісі, кейін ректоры, Қызылорда қаласының әкімі қызметтерін атқарған. 1999-2011 жылдары Сенат депутаты болды. Оның да мені сырттай білетіні жақын танысқан соң белгілі болды. Сенаттағы әріптестік болған жылдарда жақын, жақсы түсінісіп, арала-

сып, сыйластық әріптестіктен қимас достыққа дейін жетіп, сол қатынасымыз әр бағытта жүрсе де үзілместен, керісінше, сыйластығымыз, сырластығымыз жиілеп, қадір сақтау жолында бірге келеміз. Бізді табыстырып, жақындастырып жүрген күш-рухани, дүниетанымдық үнідестігіміз. Әр адам – сыр сандық. Сол сандық кез келген уақытта ашыла бермейді. Адамдардың да бір-біріне ашылуы – сирек құбылыс. Кейде біржақты ашылу болады. Ондай қатынас ұзаққа бармайды. Екеуара ортақ сырласу, ашылу жағдайында ғана адамдар бір-бірімен жақындасады.

Сенатта Бәкең Экономикалық реформа және қаржы комитетінің хатшысы қызметін атқарды. Республикамыз тәуелсіздік алған алғашқы жылдан бастап он жылға жуық мерзімде мейлінше жайлаған экономикалық дағдарысты басынан өткізгені мәлім. Әсіресе еліміздің әлеуметтік салалары көп зардап шекті. 90-жылдардың соңы, 2000-жылдардың басында ғана жаңа экономикалық реформалардың алғашқы нәтижелері бой көрсете бастады. Жаңа технологиялар іске қосылып, өнім өндіру тұрақталуға бет алды. Үкімет қазынасы түсімдермен толығып, қаржылық тиянақтылық қалыптасып, экономиканың жүрісі түзіліп, тіршілік тынысы кени түсті. Дағдарыс басталғалы доғарылып қаған әлеуметтік нысандарды қайта жаңғыртып, жандандыруға бет түзеді. Мемлекетімізде мектептер, ауруханалар, тағы басқа әлеуметтік, халық тұрмысының мұқтаждарын қамту шаралары, жаңа құрылыс салу қолға алына бастады. Ауылдардың әлеуметтік тұрмысын жақсарту бағытында «Ауыз су» бағдарламасы жүзеге асырылды.

Сенатор Бакберген Досманбетов сол жылдары Сенаттың өкілетті жиындарында өзі сайланған Қызылорда облысының әлеуметтік мәселелерін үздіксіз әрі орынды түрде біліктілікпен көтере отырып, оның әділ шешілуіне барынша атсалысып, мемлекеттің заң шығарушы құзырлы жоғарғы органының ең белсенді мүшелерінің бірі болып танылды. Ол республикалық бюджеттің ұтымды жоспарланып, тиімді орындалуына білікті маман, білгір ұйымдастырушы дәрежесінде білек сыбана араласты.

Сондай-ақ сол жылдары Сенаттан Еуропадағы Қауып-

сіздік Ынтымақтастық Ұйымының (ЕҚЫҰ) Қазақстан делегациясының мүшесі болып сайланып, халықаралық парламентартік мінберден талай толымды ой, келелі пікір айта білді. Байқоңырдағы космодромның қызметіне байланысты қала тұрғындарының әлеуметтік тұрмысы мен мектеп оқушыларының құқықтық мәселелерінің әділдікпен шешілуінде Бәкең аянып қалған жоқ.

Бакберген Сәрсенұлының бөліп айтар бір қасиеті – ешнәрсеге бей-жай қарай алмайтындығы. Сөзінде тұра-тындығы. Айтқан уәдесін орындауға жанын салатындығы. Бұл тұрғыда Үкіметке де орынды, дәлелді сынды айтудан тартынбай, кемшіліктерді жою жолдарын да ортаға салатын.

Сондай ұстанымның дәлелі ретінде оның 2000 жылы Сенаттың бір отырысында сөйлеген мына сөзіне назар аударсақ та жеткілікті: «...біздің көбіміз қанбазардай қиналған елдің ортасынан, әлеуметтік-экономикалық реформалардың күрделі де қиын тұстарын игеруге ұмтылған, ат үстінен су ішкен кезеңмен бетпе-бет жүз-дескен халықтың арасынан, олардың мұқтаждықтары мен қажеттіліктерін зерттеп-сара-лап, екіпеш келіп отырмыз...»

...Еліміздің әл-ауқатын жақсарту үшін зиялы заңдар керек екенін, шала туған заңдарға терапевтік емдеу қажеттігін Үкімет ұмытып кеткен сияқты. Соның салдарынан Парламенттік талқылауға нақты жобалар ұсынылмай отыр. Үкімет Күлтөбенің басында күнде ке-нес құрып, Цицеронның ше-берінен шеберліктерін шындау-дан әрі аса алар емес...

...Үкімет тарапынан аса қажетті заңдар жобасының дер кезінде ұсынылмауы, Елба-сымыздың ел экономикасын реформалауға негізгі стратегиялық бағыттарына кедергі келтіру емес пе?» дей келіп, Парламент жұмысының сапа-сын көтеруге қатысты нақты ұсыныстарын ортаға салған. (Б.Досманбетов, «Сүйем сені, Сыр елі». Астана, 2005 жыл, 146-147-беттер).

Сенат отырыстарының стенограммаларын парактап отыр-саның, депутат Досманбетовтың мұндай қайраткерлік сөздері мен назар аударарлық ұсы-ныстарын, орынды ой, салықалы пікірлерін көптеп кездестіруге болады. Не айтса да, біліп айта-ды. Нақты дерек, дәлелдермен, қандай да проблеманың шеші-луіне мүдделілікпен, шынайы жанашырлықпен айтады.

Жоғарыда аталған өмір-баяндық кітабында Бакберген Сәрсенұлы өзінің балалық, бозбалалық, жігіттік шақтарын дәл сол кезеңдердегі сезім, әсермен дүниетаным ой бай-ламдарын қаз-қалпында өте на-нымды, тартымды баяндаған.

Ұтқырлығы сол – баяндаулар өмірдің шынайы оқиға, сурет-терімен, адамдардың мінез-құ-лықтары, іс-әрекеттері арқылы өте ширақ әрі табиғи суреттел-ген. Бастап оқыған адам, әсіресе замандастары, әрқайсысы өз әлеміне кіріп кеткендей бас ал-май, қызыға оқып, ризалығымен тәмамдайды.

Балалық шақтағы кішкентай «Диірментөбе» ауылы. Темір-жол бекеті. Құм. Шексіз дала. Алғашқы мұғалім. Клас-тас достар. Ер жету, оқу бітіріп, еңбекке араласу жолындағы та-маша адамдар, ізгілікті істер. Ат жалын тартып, азамат болып, ел жүгін арқалап, ел алдына шыққан лауазымды қызметтер. Адамдар арасындағы әрқилы таныстар. Бір-біріне ұқсамай-тын образдар. Барлығы да өте бір жинақылықпен әрі сезімтал көркем шығармаға бейім ше-берлікпен, шұрайлы тілмен жазылған. Кітап авторының әңгімелері жалықтырмайды, қайта қызықтырады. «Мен ке-реметтің» шығармасынан алауақ, көдімгі адамдардың өмірі шынайылықпен кітаптың дәре-жесін көтеріп тұр.

Әсіресе, есейген шағында Шыңғыс Айтматовтың әйгілі «Ғасырдан да ұзақ күн» («Бо-ранды бекет») шығармасынан өзінің «Диірментөбесін» көруі, ұлы суреткермен ар-найы іздеп барып, әңгімелесуі – адам жанына шуақ түсірет сан мәдениеттің көрінісі. Сондай-ақ, Бәкең өзі де осы өмірбаяндық шығармасында халық қазынасынан бала ке-зінде естіген талай әдемі, әсер-лі аңыздар мен оқиғаларды орынды, ұтымды пайдалана білген. Ол да болса Бәкеңнің интеллектуалдық, білімділік мүмкіндігі мен білгіштік қорын көрсетері анық.

Бакберген Сәрсенұлы эконо-мика, демография, әлеуметтік қатынастар саласында оншақты монографиялық, жүзден астам зерттеу мақалаларын жарияла-ды. Оның еңбектері жоғары оқу орындары студенттерінің, сарап-шылардың, саясаткерлердің, жас ғалымдардың сұранысына әрқашан не.

Ғалымның зерттеушілік, шығармашылық қабілеттері оның ұйымдастырушылық, қайраткерлік таланттарымен мейлінше ұштасып жата-ды. Ол Қызылорда облысының «Болашақ» университетін ұйымдастырып, оны заман та-лабына сай жаңа технологиямен жабдықтау негізінде дамы-тып, еліміздің әлеуеті жоғары оқу орнына айналдыра алды. Университет студенттеріне, оқытушы-профессорларына оқу, тұрмыстық жағдайлар толық қамтамасыз етілген. Әсіресе университеттің оқу кешендері жаңа үлгіде, сапа-ла қырылыс материалдарымен, сәулет өнерінің сән-салтана-тымен салынған. Бәкең су-



реткер-дизайнерлік өнерімен ғимараттарының іші-сыртын әшекейлеуден шығармашылық ләззат алып еңбектенетінімен орынды мақтана алады.

Бакберген Сәрсенұлы – ізденімпаз адам. Бір шаруаны тындырдым деп тыным тау-ып отыра алмайды. Әр кезде жолыққан сайын өз тіршілігінде бір жаңалық айтты отырады. Оқу корпусының құрылысы аяқталса, не соның фойесін, не-месе ауласын әшекейлеп, жаңа істі бастап жатқаны.

Соңғы ретте жас ұрпақ, студенттер тәуелсіз мемлеке-тіміздің жаңа тарихын қалт-қысыз оқып, білсін деген мақ-сатпен Астанадағы Ұлттық мұражаймен әріптесіп, оның қорынан құнды жәдігерлердің көшірмелерін жинақтап, «Бо-лашақ» университетіне Ел-басы Нұрсұлтан Әбішұлының жаңа аудиториясын ашты.

Қызылорда, облыс орталығы да, аудандар, өңірлер де жаңа тынысы ашылып, жаңғырып, өсу-өркендеу дәуренінде бол-са, соның алдыңғы шебінде осы біздің Бакберген сияқты азаматтар жүр. Олар – жаңа тұрмыстың жаршылары ғана емес, соның жасампаздары. Ондай ел игілігіне еңбек етіп жүрген озық тұлғаларды халық та, билік те қолдайды.

Ал біздің Бәкең тек универ-ситет құрылысымен шектеліп жүрген жоқ. Өз өмірінде де, жүрген жерінде де жаңалық ашумен, жаңалықа деген іңкәр құштарлығымен келеді. Осыдан бірнеше жыл бұрын Қызылорданың қырық шақырым жерде қамыс, қоға қаулап өсіп, суы тартылып бара жатқан көлге қамқорлық жасап, тінін та-зартып, суын жаңартып, балық өсіріп, жағасын жайқалтты. Құм, сор, тұз – ешнәрсө өспейді деген он гектардан астам жер-ге Сыр өзенінен насоспен су шығарып, қияр, қызанақ, асқабақ, қауын, қарбыз, піяз, сәбіз, басқа да көкөніс өнімдерін жайқалтты. Алты мың түп алма ағашының, үш мың түп жүзімнің жас көшеттерін отыр-ғызды. Шаруаға жұмылған жігіттерге жағдай жасап, олар-ды жерді пайдалануға, иге-руге үйретті. Шөлейт жатқан алқапты алмабаққа, бау-бақшаға айналдырып, сазарып, шаң

шылық сапарға алдын ала жабдықтылып, сайланып, киімді ыңғайлап, мылты-ғынды баптап, бірнеше күн бұрын жоспарланып шығу қажет сияқты. Бәкеңнің жолы ашық, аяғы жеңіл. Қазір ғана жағасына галстук тағып, қалада жүрсе, бірер сағатта далада, та-уда жүргеннен хабар аласын. Бірде телефондасам: «Әуежайға кетіп барам, Африкаға ұшам» дейді. Антарылып, аң-таң бол-ып: «Қай Африкаға? Онда нең бар?» деймін. «Оңтүстік Африкаға. Аншылыққа...» Кә-дімгі астанадан Қызылордаға ұшып бара жатқандай. Міне, саятшылықтың күдіреті. Өз елімізде оның кезбеген даласы, араламаған орманы, шықпаған тауы, кешпеген суы кемде-кем деуге болады. Табиғатқұмар. Табиғатпен үндес. Ыстыққа да, суыққа да көңбіс, көңтері. Тө-зімді. Желге төсін, жауынға ба-сын тосады.

Тыным таппайды. Бір жолы Мәскеуден хабарласып, «Бола-шақ» университеті мен Мәскеу университеттері арасында әріп-тестік байланыс орнатып жа-тырмын» десе, келесі кезекте Қытайдан, Пекин қаласынан телефон соғады, «Қызылордада Конфуций институтын ашай-ын деп жүрмін» деп. Іздегені – ізгілік.

Өрине, Бакберген Сәрсен-ұлының дәл осындай шарықтап жүруі отбасының берекесі – жұбайы Зейнегүлдің даналығы мен сабырлығы, ұлдарының өмірден өз орындарын тау-ып азамат, келіндерінің құт, немерелерінің нұр болуынан арқасы десек те артық болмас. Бәкеңді қазақтың берекелі, іскер азаматы іргесі берік үлкен әулетімен ұзақ, бақытты өмір сүргей.

Мақаланың атына Бакберген Сәрсенұлының өз кітабының алғашқы тарауынан «жаңа күннің жақсылығына» ұмтыл-ған деген сөздерді әдейі алдық. Жоғарыда айтылған қыр-сыр-ларынан басқа, бойында ақын-дық таланты да жеткілікті. Жетпіс бес деген аға жасына Бәкең шаршамай, шалдық-пай, қалғмай, мүлгімей ты-нымсыз еңбек, талмай ізденіс үстінде жеткен тек оның қай-раттылығын ғана көрсетіп отырған жоқ, Бәкең сияқты азаматтардың мүмкіндігін, біз-дің жас мемлекетіміздің азаматтық қоғамының келбеті мен қуатын да көрсетсе керек. Бәкең өзінің жас кезіндегігі оқуға, білуге, көруге, солардан жинақтаған жаңа жобаларын жариялап, жарқыратып, сөн-салтанат жасап қоюға жаны құштар. Сондықтан да оның «болдым,толдым» деп ток-мейілсуге ыңғайы да, бейімі де, ойы да жоқ. Ол – бюрократтық марғаулатқан аулақ, ішкі, сыртқы мәдениеті бай, жаңа-лыққа жаны құштар тұлға. Он-дай адамдар тек өздері ғана жарылқандық, төңірегіне нұр шашып, өмірдің жарығы мен жақсылығын көбейтіп жүреді.

Қуаныш СҰЛТАНОВ,
мемлекет және қоғам
қайраткері,
ҚР Парламенті
Мәжілісінің депутаты



– Жалпы мемлекет пен қоғам адамдардың денсаулығының жақсы болуына мүдделі. Жақсы денсаулық – адамның еңбек және қоғамның іс-әрекетке жемісті қатысуының маңызды кепілі. Сондықтан да мек-тепте білім алу барысында оқу-шылардың дене тәрбиесіне аса мән беріледі. Қозғалыс адам өмірі үшін аса қажет. Дене жаттығулары – организмдегі жасқа байланысты өзгеріс-тердің алдын алатын және ұзақ өмір сүруге көмектесетін маңызды амалдардың бірі. Ал

балалар мен жасөспірімдердің қимыл-қозғалысы аз бол-са, түрлі ауруға шалдығуы бейім. Сол себептен дене-шынықтыру пәні енгізілген. Оқушылар дене-бітімінің дұ-рыс дамуы, денсаулығының нығаюы, жұмыс қабілетінің артуы сыртқы ортаның қолай-сыз жағдайларына қарсы тұ-руға ықпал етеді, – деген Шә-кең дене шынықтыру пәніне бүгінде үлкен мән беріліп жат-қанын жеткізді. Бұрын аптасы-на екі сағат арналса, қазір үш сағат бөлінген. Бұрын төменгі

● МҰҒАЛІМ КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА

ҰСТАЗ ҰЛАҒАТЫ

Мектепте өтетін денешынықтыру пәніне кезінде көпшілік тарапынан немқұрайлы көзқарас болғаны шындық. «Ой, ол оқушылар жүгіретін, доп тебетін сабақ қой» деген менсінбеушілікпен қатар, сұрану керек бол-са, денешынықтыру сабағы өтетін уақытты таңдауға тырыстың. Мұндай түсінік тек оқушы мен ата-анада ғана емес, басқа пәндер мұғалімдерінде немесе сы-нып жетекшілерінде де болатын. Ал осындай кереғар түсініктерді жеңіп, көпшілікке бұл пәнінің маңызын жеткізе білуде өз мамандығына шын берілген ұстаздардың еңбегі ерен. Сондай жандардың бірі – қызылордалық ардагер ұстаз Шаймерден Төкенов.

Шаймерден ТӨКЕНОВ,
«Сыр бойы»

сыныптарда дене шынықтыру сабағын қарапайым мұғалімдер өткізсе, қазір арнайы мамандар сабақ беретін болды. Сондай-ақ осы пән мұғалімдерінің жалмақасын көтеріп жатыр. Кейіпкеріміз бұрынғы Те-ренөзек ауданының Ақарық ауылында 1945 жылы дүниеге келген. Осындағы жетіжылдық мектепті бітіргеннен кейін оқу-ын Қызылорда қаласындағы №112 мектепте жалғастырды. Онжылдықты аяқтаған боз-бақа мұнан соң Алматы де-не шынықтыру институтына оқуға

түседі. Институтты тәмам-дағаннан кейін 1969 жылы еңбек жолын Қызылорда қала-сындағы №212 мектепте дене шынықтыру пәнінің мұғалімі болып бастады. Содан осы білім ояғында үзбей 40 жыл еңбек етіп, сол жерден 2009 жылы зейнет демалысына шығады.

Жас маман келген кезден өз мамандығын шексіз сүйетінін дәлелдеді. Дене шынықтыру пәнін оқытудың әдістемелігін қалыптастырды деуге болады. Жеңіл атлетика спорт падиша-сы саналады. Ежелгі гректер

«Егер сұлу болам десен, жүгір, егер сау болам десен, жүгір, егер күшті болам десен, жүгір» деген емес пе? Сондықтан бірінші кезекте жүгіруге ден қойылып, дене қозғалыстары үшін жеңіл атлетикалық және гимнастикалық жаттығуларға маңыз берілді. Содан кейінгі кезекте волейбол, баскетбол ойындарын өткізу жолға қойылды. Ш.Төкенов жаттықтырушы болмағанмен де, осы аталған ойын түрлерінен мектептің мықты командаларын құрды. Бұл командалар облыстық деңгейдегі жарыстарда жоғары орындардан көрініп жүрді. Жыл сайын облыстың құрама ко-мандаларына №212 мектептен 2-3 оқушыдан кіріп отырды. Ал еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ұлттық ойын түрлеріне маңыз беруге атсалысты.

Өткен ғасырдың 1986-1987 жылдары Шаймерден аға-мыздың осы мектептегі іс-тә-жірбесі арнайы әдістемелік кітап болып шығарылып, об-лыс мектептеріне таратылғанын айта кету керек. Ол қалалық әдістемелік орталығында аға мұғалімдегі қоса атқарып, жас мұғалімдерге нұсқамалық кө-мек көрсетіп отырды. Кез кел-ген пәнге оң көзқарасты қалып-тастыру – сол пәннен сабақ беретін мұғалімнің қолында. Шаймерден ағамыз өз пәніне басқалардың оң көзқарасын

қалыптастырды деп сеніммен айта аламыз. Денешынықтыру пәніне атүсті қарау – баланың денсаулығына, түптеп келгенде, өміріне немқұрайлы қарау де-генді өзгелерге жеткізе білді.

Ш.Төкеновті жақсы маман ретінде таныған жоғары оқу орындары мен колледждердің басшылары бірнеше рет өздеріне қызметке шақырды. Тіпті балалар үйінің директор-лығына ұсыныс болды.

– Бұл ұсыныстардың бәрін ақыл таразысына салып, елеп-екшедім, бірақ ұзақ жылдар жұмыс істеген өз мектебімді қимамды, мамандығымды шек-сіз сүйгендіктен, олардың ба-рынен бас тарттым, – деді Шәкең сол кезеңдерді еске ала отырып.

«Жоғары санатты мұғалім» атанған ұстаздың көп жылғы еңбегі елеусіз қалған жоқ. «Білім беру ісінің үздігі» атағы беріліп, Білім және ғылым министрлігінің Құрмет Грамо-тасымен, облыс, қала әкімінің бірнеше Алғыс хаттарымен марапатталды. Сондай-ақ об-лыстық қалалық спорт, білім басқармаларының көптеген ма-рапатына ие болды.

Зейнеткерлікке шыққаннан кейін де қарап отырған жоқ. Ба-лалар үйінің басшылығы қайта-қайта жаттықтырушы болуға шақырған соң, олардың өтінішін жерде қалдыра алмады. Осы ме-кемеде 10 жыл жұмыс істеп, өз

міндетін адал атқарды. «Халық Банктің» ұйымдастыруымен республикадағы балалар үйлері тәрбиеленушілері арасында өт-кізілетін дәстүрлі баскетбол жарыстарына қатысатын ко-манда жасақтады. Алғашқыда қызылордалықтар 18 коман-даның ішінде ондықтан төмен түспесе, соңғы жылдары финал-да өнер көрсетіп, жүлделі ора-лып жүрді.

Шәкең бүгінгі күні де қо-ғамдық жұмыстардан қол үзген емес. Ол Қызылорда қалалық білім бөлімі жанындағы арда-герлер кеңесінің алқа мүшесі және №212 мектеп-гимназиясы ардагерлер кеңесінің төрағасы.

Осылайша өмірінің 50 жы-лын оқушылардың дене тәр-биесіне арнап, салауатты өмір салтын насихаттаған Шайме-рден ағамыз бүгінде берекелі ұстаздар отбасының басшысы, немерелерінің сүйікті атасы болып отыр. Ұстаздар отбасы дейтін себебіміз ағамыздың құдай қосқан қосағы – Гүлзаһан Атабаева орыс тілі пәнінің мұғалімі болып зейнеткерлікке шықса, келін бастаушы мектеп мұғалімі, ал қызы информати-кадан сабақ береді. Өскелең ұрпақты тәрбиелеуде үлесін қосып келе жатқан Шаймерден Төкенов ағамыздың отбасын мерекемен құттықтаймыз.



ҚАЙСАР ҚАЗАҚ

Оңғарбай Жолмырзаев есімді қайсар рухты бауырымның жаңадан салынған, газ құбыры жүргізіліп, ыстық-салқын сумен қамтылған, душ-әжетханасы орнатылған еңселі үйінің ауласына енгеннен мұнтаздай тазалық аңғарылады. Үй иесі қонақжай пейілімен қарсы алды. Көп ұзамай Оңғарбай екеуіміз қызу әңгімеге кірісіп кеттік. Аузынан шыққан әр сөзін құмарта тыңдап отырмын. Оның басынан кешкен оқиғасы тыңдаған жанды елең еткізер еді.

Сб Жұмабек ТАБЫНБАЕВ, «Сыр бойы»

Сырт көзге өзгелерден айырмашылығы жоқ қарапайым жан. Алайда жан-дүниесіне терең үңілсеңіз, көп сырды ұғынасыз. Осыншама қайрат жұқалтаң жүзді азаматтың тұлғасынан қалайша табылып тұрғанын қайран қаласыз. Аяушылық білмейтін темірдей тағдыр оны мүгедектер арбасына таңғанымен, ерік-жігерін мұқалта алмағанын еріксіз мойындайсыз.

Оңғарбай жол апатына ұшырағаннан бері де отыз жылдан асты. Сол кездегі серіппедей шиыршық атқан жас жігіт қазір аға жасына толды. Жұбайы Сайлауқұл екеуі немере сүйіп, ата-әже атанды. Жаратқанға мың да бір шүкір! Пешенесіне адал жар жазыпты. Небәрі жиырма екі жастағы өңдірей келіншегі өмірдің ауыр сынағында сыр бермеді. «Ғұмыр бойы өзімнен бірге боламын» деген сөзінен айнымады. Арада өткен 32 жылда бір қабақ шытып көрмепті. Сол баяғы

ақжарқын қалпы. Оңғарбайды мәпелеп-күтуден еш жалыққан емес. Ерлі-зайыпты екеуінің бар үкілі үміті сол кезде жасқа толмаған Ғаниы болды. Көзінің қарашығындай жалғыз ұлдарын алданыш тұтты. Жанға батқан жарақаттан талай таңды кірпік ілмей атқызған сәттерде Оңғарбай дерттің зардабын сәбиінің сүйкімді күлкісі жеңілдеткендей сезінетін.

Бәрі күтпеген жерден өрбіді. Мамырдың жанға жайлы қоңыр түні болатын. Су жаңа машина жүйткіп келеді. Кенет... аяқ астынан шыққан оқыс дауысты құлағы шалған. Іле-шала төмен қарай құділаған көліктің тұмсығымен жер сүзе төңкерілгенін жан-тәнімен түйсінді. Арғы жағын арада көп уақыт өткенде естіді. Машинаның басқару тетігінің білігі (рулевой) қак бөлінген екен. Аса қиын халдегі Оңғарбайды тікұшақпен облыс орталығына жеткізіпті. Жарық ғаламдағы татар талқаны таусылмаған

екен. Тұлабойында сау тамтығы қалмаған бұл ауруханадан тірі шыққанда таңданбаған жан қалмады. Алайда денсаулығы қалпына келмеді.

Ауруханадан кейінгі үздіксіз ем де нәтиже бермеді. Қарағандыдағы емдеу орталығы, Андижандағы профессор Чань, Гүлстандағы атакты дәрігер, Қырғызстандағы белгілі халық емшісі, өзге де ашпаған есігі қалмады. Амал қанша, сонан бері 1 тонтағы мүгедек.

Ауыр сырқат тәніне мықтап сіңгенмен, жігерін жасыта алмады. Жұбайы Сайлауқұлдің, жалғыз Ғанидың қорғаныш-панасы тек өзі ғана екенін ұғынған Оңғарбай қатты шиырлықты. Дүр сілкініп, кәсіп жасауға кірісті. Тылсым деген осы шығар! Сау кезінде қолына тебен ұстап көрмеген Оңғарбай шебер тігіншіге айналды. Әдепкіде тері илеуден басталған қадамы тұтынушының талғамынан табылды. Алғашқы жеңісі жетістікке жетеледі. Келесі жолы

жұмысшыларға арналған қолғап тігуге кірісті. Алдынан кедергі кездесті. Дайын өнімді өткізу мұң болды. Не істеу керек? Ел іші қайырымды жандарға кенде емес екен. Серіктестік басшысы, елге танымал азамат Өмірзақ Түктібаев ағасы қолұшын созды. Көтере сатып алып, мәрттік жасады. Жаксылық жанын жадырған Оңғарбай енді ерлер мен әйелдердің бас киімдерін, тон тігуге бел байлады. Жаман болған жоқ.

Көп ұзамай тапсырыс берушілер көбейді. Әрине, бәріне тегеурінді тәзім қажет. Денсаулығы мықты, сау адамның өзін қажытатын ауыр шаруа Оңғарбайға керісінше қуаныш сыйлады. Келе-келе кәсібін ұлғайтты. Ел азаматтары да қарап қалмады. Сондай ағалардың жанашырлығымен «Даму» қорынан тігін машинасын иеленгенде төбесі көкке жеткендей шаттанды.

Төмен процентпен қомақты несие алды. Бұл үшін сол кездегі аудан әкімі Бахыт Жахановқа, кәсіпкерлік бөліміне, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне айтар алғысы шексіз. Оңғарбайдың отбасындағы жағымды жаңалықтар жалғаса берді. Сайлауқұл екеуінің бар бақыты Ғани жоғары оқу орнын бітірді, ел ағаларының қолдауымен мамандығына сәйкес жұмысқа орналасты. Жүрегі қалаған Әйгерім атты арумен

отау құрды. Ажалдың өзіне тура қараған қайсар қазақ Оңғарбай той үстінде тұңғыш рет көзіне жас алды. Жаратушыға қос құлынының амандығын тілеп, жалбарынды. Шын тілесен, Алла көз жасыңды көретіні рас екен. Әлия, солдан соң Нұрмұхамед, мұнан кейін Жәния есімді бүлдіршіндер дүние есігін ашты. Немересінің есімін Нұрмұхамед атауының өзіндік себебі бар. Сол жылы Қазалыда әулие әрі батыр Жанқожа Нұрмұхамедұлының 240 жылдық мерейтойы аталып өтілген еді. Сәбиіне аз бабасының аруағы жар болсын деген ниеттен туындаған болатын. Бұл тілекке біз де қосылдық.

Тіл-көзден сактасын, Ғани тағылымды жігіт болып өсті. Мықты спортшы ретінде көпшілікке танылды. Кір тасын (гир) көтеруден Қазақстан біріншілігінің қола жүлдегері. Жеңіл атлетикадан әлденеше мәрте облыс, дойбы, қол күресінен аудан чемпионы. Ғанидың шәкірттері – кір тасын көтеруден облыста топ жарып жүрген өрендер. Жолдасы Әйгерім Байсүйеуова №249 мектеп-лицейде ағылшын тілі пәнінің мұғалімі болып еңбек етеді.

Оңғарбаймен қоштасар сәтте рух мықтылығы адамды жасытпайтынына, қайта қайрат түсетініне тағы бір рет көз жеткіздім.

2006 жылғы үлгідегі банкноттарды айырбастау кезеңінің аяқталуы туралы

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2020 жылғы 3 қазанда 2006 жылғы үлгідегі номиналдары 2000, 5000 және 10000 теңгелік банкноттарды айырбастау кезеңінің аяқталатынын еске салады.

2006 ЖЫЛҒЫ ҮЛГІДЕГІ БАНКНОТТАР



2 000 ТЕҢГЕ

5 000 ТЕҢГЕ

10 000 ТЕҢГЕ

Қолма-қол ақша айналымынан алынған банкноттарды Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының қолданыстағы ақша белгілеріне айырбастау тек қана Ұлттық Банктің филиалдарында жүргізіледі.

«2006 жылғы банкноттарды кезең-кезеңімен ауыстыру және алу 2016 жылдың қарашасында басталды. Ағымдағы жылдың 3 қазанында аталған банкноттардың айналыс мерзімі аяқталғаннан кейін Ұлттық Банктің филиалдары оларды қабылдауды және қолданыстағы ақша белгілеріне айырбастауды тоқтатады. Осы күнге дейін банкноттарды еліміздің 17 қаласында орналасқан ҚР ҰБ барлық аумақтық филиалдарында айырбастауға болады», – деп атап өтті Ұлттық Банктің қолма-қол ақша айналымы департаментінің директоры Жомарт Қажымұратов.

Ұлттық Банк филиалдарының мекен жайлары және байланыс телефондары туралы ақпаратты Ұлттық Банктің сайтында табуға болады.

Толығырақ ақпарат БАҚ өкілдері үшін мына телефон арқылы қолжетімді: +7 (717) 2 775 205, e-mail: press@nationalbank.kz
www.nationalbank.kz

Хабарламалар

«ПетроҚазақстан Күмкөл Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы 9 қантардағы №212-ІІІ Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (15-21-02) «Қарауанчи кенішіндегі СКТШ-дан 25, 26, 27, 40 және 41 ұңғымаларға дейін кабельдік желілерді жүргізу» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.

«ПетроҚазақстан Күмкөл Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы 9 қантардағы №212-ІІІ Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (20-09-02) «Арысқұм кенішіндегі 428 және СП-10 ұңғымаларын электрмен жабдықтау» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.

Жарамсыз деп есептелсін

Қосақбаев Дастанбек Қадырбекұлының атына Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Байтерек 1 м/а, 28-көше, №9 үйге берілген сатып алу-сату келісім-шартының (№2-665 10.09.2019 ж.) түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Пейіште нұрын шалқысын



Осы жылдың 20 тамызында абзал ана, немерелеріне қамқор болған сүйікті әже, әулетіне сыйлы, туған-туыстарына жанашыр жан Реальқызы Мархабат Байман келіні 71 жасқа қараған шағында фниден озды. Сұм ажал айтып келмейді екен. Қаралы хабарды естігенде отбасы, бауырлары, туған-туыстары, сыйлас достары қабырғалары қайысып, ауыр мұңға баты.

Мархабат Реальқызы 1949 жылдың 15 желтоқсанында Қазалы ауданындағы Қызылту колхозында композитор Кенес Дүйсекев дүниеге келген шаңырақта Дүйсеке қарияның әулетінде дүниеге келген. 1974 жылы Жамбыл жеңіл және тамақ өнеркәсібі институтының Алматы филиалының "Астық сақтау және өңдеу технологиясы" бөлімін бітіріп, Қызылорда облысының астық сақтау және нан өнімдері басқармасына инженер-технолог болып орналасып, абыройлы қызмет атқарып, құрметті зейнет демалысына шықты.

Аяулы жан зейнетке шықса да, халыққа қызмет жасауын тоқтатпады. Жеке шаруашылық ашып, ондаған адамды жұмыспен қамтыды. Тұрмысы төмен отбасыларға қамқорлық көрсетіп, көмегін аямады.

Өмірден ертерек озған асыл жары Өмірзақ Баймановпен мағыналы ғұмыр кешіп, балаларына, немерелеріне дұрыс бағыт-бағдар бере отырып, елін, жерін сүйетін азаматтар болуына ықпал етті.

Мархабат Қазықызы Байман келінінің 40 күндік асы 3-қазан күні сағат 12.00-де Қызылорда қаласы, Қорқыт ата көшесі №159 А үйде өтеді.

Еске алушылар: балалары, келіндері, немерелері, Дүйсекевтер және Баймановтар әулеттері

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефондары арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

ЕГІН-2020



КҮРІШ ОРАҒЫ АЯҚТАЛУҒА ЖАҚЫН

Жалағаштық шаруалар егін науқанын аяқтауға жақын. Дикандар биыл астықтың жылдағыдан кем емес екенін айтуда. Егінді шашпай-төкпей жинап, қамбаға бастыруда.

Сб Сара АДАЙБАЕВА, «Сыр бойы»

Аудандағы ірі шаруашылықтардың бірі – «Сәрке батыр» ЖШС. 2003 жылы құрылған шаруашылықта 150-ден астам адам еңбек етеді. 3 өндірістік бригада бар. Жалпы, егіс көлемі – 2380 гектар. Биыл 1335 гектарға күріштің «Янтарь», «Лидер» сорты себілді. Сонымен бірге арзан жоңышқа 200, ескі жоңышқа 450, мақсары 120, бидай 40 гектар жерге егілді.

Шаруашылық төрағасы Қанат Демесіновтің егінге орақ уақытында түскенін айтты. Қазір күріштің 80 проценті орылып, 60 проценті бастырылды. Әр гектарынан 65 центнерден өнім алынады. Жоңышқа 3 рет орылып, қызметкерлерге арзан бағаға сатылды. Материалдық-техникалық базасы соңғы жылдары шетелдік техникалармен толыққан. Қолдағы техника саны – 66. Оның ішінде 25 комбайн, 6 жатқа, 22 донғалақты трактор, 1 экскаватор, 1 астық тиегіш, 2 тынайтыш шашқыш, 9 автомашина бар. Жыл сайын парк жаңаланады. Қазір техника тегіс жұмыс жасап тұр, егінді жинап алуға жұмылдырылған.

– Жерден онген ырзықты жинауға кіріскелі біршама уақыт болды. Су тапшылығы сезілгеннен, үнемдеудің арқа-

сында егінді де пісіріп алдық. Күріш кеш піскенімен, техниканың мүмкіндігі мол. Сол себепті дер кезінде орылып жатыр, – деді ол.

Ал, күрішші Мейрамбек Сабырбаев келер жылға қажетті тұқымды даярлауда. «Бастысы дала жұмыстарынан басталған еңбек жыл соңында ақталса болғаны. Сонда алажаздайғы мандай тер текке төгілмегені» дейді.

Қанат Демесіновтің мамандығы агроном. Ол механизатор, бригадир, басқарушы, бас агроном қызметтерін абыройлы атқарып келеді. Несібесін Жер-анадан тапқан шаруа бүгінде іргелі шаруашылықты басқарып, ісін дөңгелетіп отыр. Олар өнімді өткізу үшін жергілікті инвесторлармен келісімге келген. Ел ырыздығы үшін еселі еңбек етіп жатқан

Биыл Жалағаш ауданында 36731 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары егілді. Оның ішінде негізгі дақыл – күріш 21600, бидай 507, мақсары 1757, жаңа жоңышқа 3715, ескі жоңышқа 6452, картоп 500, көкөніс 1000 және бақша дақылдары 1200 гектарға орналастырылды. Бүгінде аудан бойынша 90 шаруашылықта 17590 гектар күріш орылып, 15285 гектары бастырылды. Әр гектарынан 65,3 центнерден өнім алынады. Күзгі егін жинау және дала жұмыстарына мемлекет тарапынан 2398 тонна дизель отыны бөлінген, бағасы 165 теңге. Ауыл шаруашылығы техникаларын жанарту жұмыстары уақытылы жүргізіліп, биыл жаңа 60 техника сатып алынған. Жалпы, шаруа қожалықтарында барлығы 994 техника бар.

дикандар да мемлекет тарапынан берілетін жеңілдіктерді тиімді пайдалануда. Арзанда-тылған дизель отыны, тұқым, техникаға берілетін субсидияларды алып, мақсатты жұмсауда.

«Диканның қазынасы – жер» деп бекер айтылмаған. Осы орайда «Байтабын» ЖШС да егінді уақытылы жинап алу қамына кіріскен. Шаруашылық биыл 1430 гектарға күріштің «Лидер» сортын екті. Ескі жоңышқа 600, жаңа жоңышқа 177 гектарға себілді. Сонымен қатар бидай 50, бақша дақылдары 40 гектар жерге орналастырылды. Қазір онда 112 адам еңбек етеді. Шаруашылық төрағасы Сапар Муханов:

– Күз жауын-шашынды, ылғал көп. Сол себепті тосылып қалуға болмайды. Орылған астықты қабылдап, кептіріп, ысырапсыз сақтау маңызды. Әр күні жылға азық болатын күзгі маусымда дала жұмыстарын атқарған дикандардың еңбегі зор. Өнім көлемі жылдағы межеге жетеді, – деді шаруашылық басшысы.

COVID-19

Арқаны кеңге салуға болмайды

Ал кешегі мәлімет бойынша өңірде расталған жағдай 1952 болса, жазылып шыққандар саны 3102-ні құраған. Қайтыс болғандар саны – 15. Соңғы аптада облыста бірде-бір науқас тіркелмеген. Бұл қуанаарлық жағдай, әрине. Десе де, мамандар арқаны кеңге салуға ерте екенін, сақтық шараларын естен шығармауды ескертті.

Ал еліміздің екі облысында, атап айтқанда, Атырау мен Ақтөбеде бас санитар дәрігерлерінің қаулысына сәйкес блок бекеттер қайта қойылды. Қазақстанның Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаев Үкімет отырысында полиция, денсаулық сақтау органдары мен әкімдік қызметкерлерімен, сондай-ақ, қызмет көрсету нысандарымен бірге 50 мыңнан астам рейдтік іс-шаралар өткізгенін хабарлады. Нәтижесінде карантин режимін бұзған 28 мың жағдай анықталған. Карантин тәртібін бұзғандардың басым бөлігі Қостанай, ШҚО, Түркістан, БКО және Алматы облыстарынан анықталған.

Үкімет отырысында Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой қазақстандықтардың карантиндік-санитарлық талаптарды сақтамауы қатаң карантиннің қайта енгізілуіне әкеп соғуы мүмкін екенін мәлімдеді.

«Бетперде кино, ара қашықтықты сақтау талаптары үнемі орындалмауы бермейді. Бұл коронавирустың таралуына және карантин режимінің күшеюіне әкеп соғуы мүмкін. Мұндай жағдай қазір көптеген әлем елдерінде қайталанып жатыр», – деді ол.

Министрдің айтуынша, карантин жеңілдетілгеннен кейін өңірлерде режим талабын бұзу фактілері 30,4 проценттен 40,7 процентке дейін өскен. Он облыста карантин режимін бұзу деректері жиілеген.

1-бет





● БӘРЕКЕЛДІ!



Алда – халықаралық кезең

Жуырда Алматыда Абайдың 175 жылдығы мен Жұбан Молдағалиевтің 100 жылдығына арналған “Мен де жұлдыз боламын” атты шығармашыл жастар арасында сайыс өтті. Жерлесіміз Нұрай Бәкберген дүбірлі додада екінші орынды иеленіп, алдағы жылы Түркияда өтетін сайысқа жолдама ұтып алды.



Сайыс екі кезеңнен тұрды. Іріктеу кезеңі пандемияға байланысты онлайн форматта өткен болатын. Онда Нұрай мұзбалақ акын Мұқағалидің “Пай, пай, өмірі!” атты өлеңін мәнерлеп оқып, көш бастады. Одан кейін облыстық кезеңнен де сүрінбей өткен ол республикалық кезеңде ұлы акынның “Адасканның алды – жол, арты – соқпақ” өлеңін қазылар алқасының тапсырмасы негізінде оқыды. Ендігі жеңе – түбі бір Түрік елінде Абай шығармаларын насихаттай отырып, жеңіс тұғырынан көріну.

– Бұл – мен үшін бір белес. Алда – халықаралық кезең. Ол жерде Сыр елінің ғана емес, тұтас қазақ жұртының намысын қорғайтын боламын. Абай өлеңдерін жатқа айту маған қиындық туғызбайды. Сондықтан бұл кезеңде де намысты қолдан бермеуге, артылған сенімді ақтауға тырысамын, – дейді Нұрай Бәкберген.

Бүгінде жас акын байқауға дайындықты бастап кеткен. Жетекшісі Айгүл Тұрабаева шәкіртінің алдағы кезеңде де сүрінбей өтетініне сенімді.

– Нұрай – өте ізденімпаз. Осы уақытқа дейін түрлі долларларда бақ сынап жүр. Ешқайсысынан құр қайтқан емес. Халықаралық кезеңде де биік белесті бағындырамыз деген ойдамыз. Дайындықты қазірден-ақ бастап кеттік. Бізге артылатын жауапкершілік жүгі жоғары болғандықтан, үмітті ақтауға бар күшімізді салатын боламыз, – дейді ауылдық мәдениет үйінің қызметкері Айгүл Тұрабаева.

Айта кетейік, Нұрай Бәкберген – Жалағаш ауданы, Аққум ауылындағы А.Бисенов атындағы №38 орта мектептің 10-сынып оқушысы.



Жауһар жырдың жарығы

Бабалардан жалғасқан жыраулық дәстүрдің алтын арқауының үзілмеуіне үлес қосып жүрген жандардың бірі – Қармақшы ауданындағы Көшеней жырау үйірмесінің жетекшісі, Жиенбай жырау мектебінің өкілі Әйгерім Ешбаева.

Әйгерімгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ, «Сыр бойы»

Әйгерімнің өнерге деген құштарлығы бала кезден басталды. Оған туған әпкесі, республикаға танымал жыршы Айгүл Ешбаеваның салған жыр-термелерінің әсері де бар. Одан қалды қанмен берілген бұл өнерден әкесі Бостан да құралақан емес болатын. Жүрген жерінде күй тартса, үлкендер атасы Мақанғалидің шертпе күйлердің шебері екенін айта-тын. Ал үлкен атасы Күндебай Алдонғаров уақытысында Н.Бекежановтың бригадасында әнші-термеші болған. Осындай дарындылардың ортасынан шыққан Әйгерімнің өнерден алыс болуы мүмкін емес.

Кішкентайнан домбыраны серік еткен жыршы қыз ең алғаш Кете Жүсіптің «Ер жігіт» термесін тартып үйренді. Домбыраны үйренісімен аудандық әуез мектебінің «Жыр-терме» сыныбына қабылданып, Жиенбай жыраудың немересі Бидас Рүстембековтен бес жыл білім алды.

– Мектеп қабырғасында жүргенде-ақ жырау әуес болдым. Домбыра шертуді Айгүл әпкем үйретті. Ол Б.Рүстембековтің шәкірті болатын. Өкінішке қарай, әпкем өмірден ерте озды. Кейін мен де Бидас ағайдың жыр-терме сыныбынан өттім. Өсиет, термелерден бөлек бес жыл бойы «Көрғұлы» дастанын жаттап үйрендім, – дейді жыршы.

Бірақ мектеп бітірген соң Әйгерім өнерді емес, қаржыгерлік мамандықты таңдап, «Сейхун» институтының «Қаржы және несие» мамандығы бойынша білім алды. Алайда өнерге қайта оралды. Осылайша, жыршы қыздың еңбек жолы 2002 жылы аудандық мәдениет саласында көркемдік жетекші, костюмер болудан басталды. 2004 жылы сол кездегі аудан әкімі Р.Нұртастың қолдауымен жыр-терме үйірмесі ашылып, соған жетекшілік етті. Мұнан соң 2006 жылы К.Рүстембеков атындағы аудандық «Жыраулар үйінде» Көшеней жырау үйірмесінің жетекшісі болып, шәкірт тәрбиелей бастайды. Қызмет ете жүріп Әйгерім 2010 жылы Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың «Дәстүрлі музыка

өнері» мамандығы бойынша А.Алматовтан дәріс алады.

Бүгінде Әйгерім Ешбаеваның жыр қоржынында көптеген терме, толғау, дастандар бар. Сырдың акын-жыраулары Омар Шораяқұлы, Тұрмағамбет Ізтілеуұлы, Дүр Онғар Дыркайұлы, Балқы Базар, Кете Жүсіп, Ешанияз сал, жергілікті акындар Талайлы Досымова, Сәнтөре Пірманов, Нағима Торманованың шығармаларын нәшіне келтіріп орындайды. Репертуарындағы Тұрмағамбеттің аудармасымен жарыққа шыққан Фердоусидің «Шаһнамасының», Зәметдин Ибадуллаевтың «Түлкібай батыр» дастанының орны бір бөлек.

Әңгіме барысында Әйгерімнен жыраулық өнерге деген жастардың қызығушылығы мен шәкірттерінің жеткен жетістіктерін де сұрадық.

– Жыраулық өнер өміршендігімен ерекше. Қанша тарихи дүрбелендерді өткерсе де, өзегін жоймай, бүгінге дейін атадан балаға беріліп келеді. Біздің жерде туып-өскен ұрпақтың бұл өнерге қызығушылығы болмауы мүмкін емес. Сондықтан кейде ата-аналар өздері әкеліп жатса, кейде талантты балаларды өзміз сұрап аламыз. Бүгінде шәкірттеріміздің алды ұстаздық етуде. Солардың бірі – Гүлжазира Құрақбаева Қазанғап атындағы музыка колледжін бітіріп, Тұрымбет Салқынбайұлы атындағы әуез мектебінде мұғалім. Малика Алдамжарова Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың «Дәстүрлі музыка өнері» мамандығы бойынша тәлім алууда. Жыршы-термешілердің үлкен долаларына қатысып келеді. Мұнан бөлек, Айдана Амантай, Рәбия Ибрагим, Аяулым деген кішкентай шәкірттеріміз бар. Олар да түрлі байқауларға қатысып, биіктерден көрінуде. Басты мақсатым – ендігі жерде осы шәкірттеріме үлкен көлемді дастандарды үйретіп, жетістікке жеткізу, – дейді жыршы.

Әйгерімнің өзінің жетістіктерін де бір төбе. Тәуелсіз елдің төрін әсем жырымен тербеткен ол әлі талай белестерді бағындырып, ән мен жырға бөлері анық.

АЙДЫНДЫ АРАЛДЫҢ ТӨЛ ПЕРЗЕНТІ

Арал қалалық тарихи музейінде айдыңды Аралдың төл перзенті, күйші-композитор, акын-жырау, сценарист, режиссер Мұрат Сыдықовтың 80 жылдығына арналған «Теңізде туған талант» атты танымдық сағаты өтті.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ, «Сыр бойы»

Шараға Қазақстан Композиторлар одағының мүшесі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері, Арал ауданының құрметті азаматы Мұрат Сыдықов, жұбайы, Мәдениет саласының үздігі Базар Қостаева, шәкірттері Мәдениет саласының үздігі Қарлығаш Аманова, белгілі жыршы-термеші Айна Тұжикова қатысты.

Танымдық сағат барысында әсерлі сұхбат жүргізіліп, рухы биік күйлер, жыр-толғаулар, әуезді әндер орындалып, музей қорына «Жыр мәйегі – мақам», «Жырлайды Арал перзенті» атты кітаптары, «Теңізбен терең тілдескен, сұлу сырмен үндескен» атты әндер мен күйлер жинағы сыйға берілді.

Арал ауданы

ИСЛАМ ДІНІ ҒЫЛЫМДЫ ШЕКТЕМЕЙДІ

Ислам – ғылымға, білімге ұмтылуды көздейтін дін. Құранға көз жүгіртсеңіз, ғылым ізденуге, оны зерттеуге тыйым салатын аят не сүре жоқ. Керісінше, Жаратушы жаратқан әлемді адамзаттың игілігі үшін зерттеуге, пайдалануға үндейді.

Ислам әлеміне ғылым IX ғасырларда Аристотельдің философиясы, Платонның жаратылыстану бағытындағы еңбектерін мұсылмандық көзқараста араб тіліне аударудан бастау алды. Антикалық философиядан мұсылман философиясы жарыққа шықты. Орта ғасырларда Орта Азияда мұсылман ғалымдарынан ибн Сина 500-ге жуық еңбек жазғандығы тарихи деректерде кездеседі. Алайда, қазіргі таңда 240 кітабы ғана сақталған. Небәрі елу жеті жас өмір сүрсе де, ғылымның бүкіл саласына үлес қосып, есімі адамзат санасынан жоғалмады.

Әбу Насыр әл Фараби әлемге әйгілі Аристотельден кейінгі екінші ұстаз (Му’аллим сәни) ретінде танылды. Табиғатқа, адамзатқа қатысты ауқымды зерделеу жұмыстарын жүргізіп, 200-ге жуық трактат жазып үлгерді. Оның ішінде музыка саласына да зор үлес қосып, музыканың теориясы мен тарихы жөніндегі зерттеулерінде әл Фараби көптеген ойшылдардан асып түсті.

Ал, әл Хорезми 780 жылы туып 850 жылы дүниеден өткен. Оның математика саласындағы ғылыми жұмыстары, еуропалықтарды әлі де таңғалдыруда. Адамзат тарихында бірінші рет «ноль» (0) деген санды ойлап тапқан болатын. Сондай-ақ, оның ғылыми еңбектерінің ішінде, әл Джабр Уәл Муғабиле кейінгі уақытта батыс ғалымдары тарапынан «Алгебра» деп өзгертілген. Социологияда ибн Халдун, астрономия ғылымында Бируни десек, химия саласында ибн Хайян алдыңғы орындарда болған.

Жалпы тарих сахнасында ислам мәдениетінің батыс қоғамымен алғаш рет бетпе-бет келуі орта ғасырларда басталды. Мұсылман әлемі Еуропаға Испания арқылы саудасаттық, экономика арқылы мәдени ықпалын арттырып отырды. Кейіннен еуропалықтар ислам ғалымдарының оқулықтарымен танысып, өз тілдеріне аударумен айналысты. Соның ішінде ибн Синаның медицина саласына жазған оқулықтарын, әл Фарабидің философияға қатысты, ислам мәдениеті, мемлекет басқару жүйесі секілді еңбектерін зерттей бастады. Батыс елдері осының арқасында бүгінде технологиясы дамыған елдердің қатарынан орын алды.

Бір өкініштісі, Исламдағы ғылыми ізденістер XIV ғасырға дейін ғана жалғасты. Араб халқы жаратылыстану бағытына сол заманның пәтуашылары сөзіне еріп, жаратылыстану бағытындағы пәндерді оқудан ат-тонын ала қалып, тек Құранмен, хадиспен шектелді. Мұсылман үмбеті ақиқатты танып-білуде субъективті оялауға, иждихаққа тыйым салды. Мұның нәтижесі мұсылмандардың өлі белсенділігін, интеллектуалдық ізденістер мен сын тұрғыдан талдау жасауын шектеуге алып келді.

Бір сөзбен айтқанда, ислам дінінде ғылым-білім ізденушілерге ешқашан шектеу салынбаған, қайта аса құрмет көрсетілген. Ал, бүгінде көп жағдай кері көрініс тапты. Деструктивті діни ағымды ұстанушылардың кесірінен Ислам діни оялау механизмін шектейтін, білім мен ғылымның дұшпаны ретінде бағалануда. Ислам атын жамылған жат ағымдардың өкілдері мұсылман әлемін осылайша артта қалдырды.

Ержас ТҮРСЫНБАЕВ, облыстық дін мәселелерін зерттеу орталығының маманы

● СІЗ ҚАЙДА ЖҮРСІЗІ?

Татами төрінен – тәлімгерлікке

Белгілі бапкер Ишанбек Жұмабаевты қызылордалық жанкүйерлер жақсы біледі. Тәжірибелі маман тәлім берген қызылордалық дзюдо шеберлері талай тартысты бәсекеде топ жарды. Бұл шамамен тоқсаныншы жылдардың соңы мен жаңа ғасырдың алғашқы кезеңі еді. Солардың бірі – бүгінде спорт саласында жемісті еңбек етіп жүрген Нұргүл Тағаева.

Әділжан ҰМБЕТ, «Сыр бойы»



Нұргүл татами төріндегі тайталаста туған елдің абыройын талай мәрте жоғары көтерді. Қаншама қарсыласын қапы қалдырды. Жеңіс тұғырынан көрінді. Сол бір сәтте ерекше сезімге бөленгенін сөзбен айтып жеткізу мүмкін болмас. Мұндай жетістік – кез келгеннің басына бұйыра бермейтін бақ. Қиындығы мен қызығы тең түсетін спорттық жолында ол уақытпен санасқан жоқ. Алдына қойған мақсатына қол жеткізуде тынбай еңбектенді. Білікті бапкердің тәлімін зердесіне тоқыды. Осындай тынымсыз дайындығы арқасында дүние жүзінің дарабоз өрендері додаға түскен жарыста жеңімпаз тұғырынан көрінуіне баспалдақ болды.

Бұл кезеңде Сыр өңірінде дзюдо спорты жоғары деңгейде өркендеген еді. Қайсыбір сайыста да қызылордалық талантты жастар топ бастап жүретін. Тәжірибелі тәлімгер Ишанбек Жұмабаев талапты ұландарды тап басып тани білді. Оларды мектептерден, ауылдардан іздеді. Өз ісіне жан-тәнімен берілген маман осылайша қаншама жастың талантын ашып, қабілеті мен қарымын бағамдай білді. Нұргүл де сондай дарынды өрендердің бірі болды.

– 1993 жыл еді. Ол кезде бесінші сыныпта оқимын. Жасым он бірде. Қыркүйектің алғашқы күнінде мектепке Ишанбек ағамыз келді. Өзі қызмет атқаратын спорт мектебінде дзюдо үйірмесі бар екенін айтып, бізді оған қатысуға шақырды. Ойлана келе, оған баруға шешім қабылдадым. Дзюдоға қызығушылығым арта түсті. Осылайша спорттық жолым басталды. Бапкердің айтқанын жалғымызда тоқуға тырысамыз, қатт етпеуге жібермейміз. Соның нәтижесінде талай жарыста топ жаруға мүмкіндік туды. Алғашқыда жасөспірімдер арасында бақ сынадым. Азия чемпионаттарында ел намысын қорғадым. Дәл сондай бәсекелерде жастар арасында татамиде белдесуге шықтым. Жүлдегерлер қатарынан көріндім, – дейді Нұргүл.

Ол ересектер арасында сегіз дүркін ел чемпионы атағын жеңіп алды. Азия чемпионаттарында ересектер мен жастар арасында күміс және қола жүлдеге қол созды. Осылайша дзюдошы бойжеткеннің есімі еліміздің жанкүйерлері арасында кеңінен танылды.

2006 жылы үлкен спортпен қош айтысқан. Бүгінде сол салада жемісті еңбек етіп келеді. Ұзақ жылдан бері өзі тәлім алған облыстық №1 олимпиадалық резервтер мамандандырылған базалар мен жасөспірімдер мектебінде еңбек етеді. Алғашқыда бапкер, одан кейін әдіскер болды. Қазір сол мектепте директордың орынбасары қызметін атқарады.

Өзінің бала кезінен бауыр басқан дзюдосына бір сәт көз салып қояды. Ишанбек Жұмабаевтан тәлім алған шәкірттерінің алды қазір бапкерлік қызметті атқарып жүр. Олар тәрбиелеген өрендер де сан алуан сайыстарда өңірдің абыройын асқартып келеді. Осындай үмітті жастардың қатарында дүниежүзілік долларда жеңімпаз атанған Бауыржан Жауынтаев, Мағжан Шәмшидин, Арайлым Оразый және Құндыз Жылқыбай да бар.

– Әлемде дзюдодан алдыңғы қатарда көрініп жүрген мемлекеттер көп. Аталған спорттың түпкі отаны – Жапониядан бастап олардың барлығы жүлдені ешкімге үлестіре қоймайды. Сондай тартысты бәсекелерде топ жарып жүрген жастарымызға сәттілік тілеймін. Алдағы уақытта біздің облыста Олимпиада және Әлем чемпионы атағына қол жеткізген дарынды өрендер шығады деген сенімдемін. Бұрынғы жылдағыдай емес, қазір материалдық-техникалық жағдай жақсарды. Ауыл-ауылдарда спорт ғимараттары бой көтерді. Бұл ауылдан да талай талантты топ жаруына жол ашды. Кейінгі буын арасында да тәжірибелі бапкерлер қатары көбейді. Олардың қатарында Жанар Дүйсеқенова, Қален Қалиұлы, Жанарбек Сансызбаев сынды мамандарды атауға әбден болады, – дейді Нұргүл.

Сыр спортының биікке жетуіне дзюдошылардың қосқан үлесі зор. Сондай жастардың қатарында Нұргүл Тағаеваның да есімі құрметпен аталады. Ол бүгінде жолдасы Асылхан екеуі Рамина есімді сәбиді тәрбиелеп отыр.

Суретті түсірген Нұрболат НҮРЖАУБАЙ

ҚҰРЫЛЫС МАТЕРИАЛДАРЫ ӨЗІМІЗДЕ ӨНДІРІЛЕДІ

Зауыт директорының өзі алғаш еңбек жолын 22 жасында осы өндіріс орнында бастағанын айта кету керек. Ол Шымкент қаласындағы химия-технология институтында білім алып, инженер-құрылысшы мамандығын игерген. Ең әуелі зауытта ОТК шебері, кейін бетон құюшылар бригадирі, еңбек қорғау мен техникалық қауіпсіздік инженері, бас инженер қызметтерін атқарды. 2005 жылы №2 бөлімше болып қайта құрылған шақта бөлімшені 1-бөт.

басқарды. 2013 жылы мекеме атауы «LCI-MK» ЖШС-ның Қазалы филиалы болып өзгертілгенде филиал басшысы лауазымына тағайындалды. Түрлі сатыдан өткен тәжірибелі басшының еңбектері елеңіп, әр жылдары сый-сияпатқа бөленді.

«Құрылыс саласындағы үздік кәсіпкер» дипломымен марапатталып, II дәрежелі «Қазақстанның үздік тауары» өңірлік көрме-конкурсның «Өндірістік мақсаттағы үздік тауар» номинациясының жеңімпазы атанды. Облыс және аудан

әкімдерінің Алғыс хаттары табыс етілді. Ауданның құрылыс саласын дамытудағы жемісті еңбегі үшін Құрылыс және коммуналдық шаруашылық агенттігінің Құрмет грамотасына қол жеткізіп, «Құрметті құрылысшы» төсбелгісін омырауына тақты. Сондай-ақ «Сапа көшбасшысы» Құрмет грамотасымен марапатталды.

Өткен жылы кәсіпорын жалпы құны 1 млрд 150 млн теңге болатын 16113 текше метр көлемде өнім шығарса, биылғы 9 айда құны 850 млн теңгеден астам

15620 текше метр көлемдегі темір-бетон конструкцияларын дайындап үлгерді. Кәсіпорын қарайтын бас құрылым басқа өңірде орналасқанмен, барлық салықтар жергілікті мемлекеттік кіріс органдарына төленіп отырғанын атап өткен жөн.

Елімізде, өңірімізде құрылыс жұмыстары бәсеңдемек емес. Олай болса зауыттың да жұмысы жандана түсері сөзсіз. Бұл бірлігі жарасып, берекесі тасыған ұжымның болашағы зор екенін білдіреді.

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицикатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.